

Р. Ш. Алимсаева, И. А. Развенкова, О. С. Лосенко, Е. Е. Велькер

КӨРКЕМ ЕҢБЕК

Жалпы білім беретін мектептің
7-сынып оқушыларына арналған

ОҚУЛЫҚ
(қыз балаларға арналған нұсқа)



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ұсынған



КӨКШЕТАУ

ӨОЖ 373
КБЖ 74.263
К 69

К 69 Көркем еңбек: жалпы білім беретін мектептің 7-сынып оқушыларына арналған оқулық (қыз балаларға арналған нұсқа) + CD / Р. Ш. Алимсаева, И. А. Развенкова, О. С. Лосенко, Е. Е. Велькер. – Көкшетау: Келешек-2030, 2017. – 76 б.



ISBN 978-601-317-168-5

ӨОЖ 373
КБЖ 74.263

ISBN 978-601-317-168-5

© «Келешек-2030» ЖШС, 2017

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР



КІРІСПЕ

Қымбатты қыздар!

«Көркем еңбек» атты білім өліне қызықты саяхатты ұсынамыз. Бұл бір өзінде өнер, шығармашылық, парасат және қол еңбегін біріктірген әмбебап пән.

Қазіргі техникалық ілгерілеу, ақпараттық технологиялар және қарқынды даму заманы жан-жақты дамыған, шығармашылық тұрғыдан белсенді және білімді тұлғаларды күтуде. Яғни, сендерді, болашақ ғалымдар мен инженерлерді, конструкторлар мен бағдарламашыларды, мұғалімдер мен дәрігерлерді, ұшқыштар мен құрылысшыларды, экономистер мен археологтарды күтуде.

Нағыз кәсіпқой маман қандай болуы тиіс? Ең алдымен, оның кәсіби қызметі бойынша білімі, дағдылары, икемділігі және тәжірибесі болуы тиіс. Ой-өрісі кең болуы керек және белгілі бір жетістікке қол жеткізген соң тоқтап қалмай, білімін әрдайым толықтырып отырғаны жөн. Ол білімқұмар әрі өнерпаз, ынталы әрі іскер, сонымен қатар зерек әрі шыдамды, мақсатқа қол жеткізуде қайсар, табанды бола білуі керек. Алайда ең бастысы – әр тұлғаның кәсіби шеберлік пен жоғары моральдық және адами қасиеттермен үйлесімде болуы. Адам жастайынан өзін тәрбиелеп, ақыл-ойын, рухани және түр-тұлғалық дамуын жетілдірсе жетістікке жетеді. Және бұл жолдағы сендердің сенімді көмекшілерің – «Көркем еңбек».


Бірінші сыныптан бастап өнердің сан алуан түрімен – кескіндеме, графика, мүсіндеу және сәулет өнері, сәндік-қолданбалы шығармашылықпен таныс болдыңдар. Сурет салуды және құрастыруды, тігуді және сомдауды, түрлі тағамдар дайындауды және өздеріңнің шығармашылық еңбектеріңді таныстыруды үйреніп келесіңдер. Жылдан-жылға теориялық білім жинақтап, оларды тәжірибеде қолдануды үйреніп отырсыңдар. Бұдан басқа ғылыми қызметте де алғашқы қадамдарыңды жасай бастадыңдар: іздестіру және зерттеу жұмыстарын жүргізіп көрудесіңдер, бақылау жасап, қорытынды шығарасыңдар, тәжірибе жасайсыңдар. Осы жылы бұл бағыттарды меңгеруді жалғастырасыңдар. Визуалды және сәндік-қолданбалы өнер, үй және аспаздық мәдениет бойынша өз білімдеріңді тереңдете және кеңейте түсесіңдер, икемділіктерің мен дағдыларыңды жетілдіресіңдер.

Заманауи техника мен өнердегі ғылыми жетістіктер, көркем өрнек түрлері мен бұйым эскиздерін жасау, қазақ ұлттық тағамдары мен әлем халықтарының асханасы туралы көптеген тың және қызықты деректермен танысасыңдар. Шығармашылық жобаға арналған идеяның әзірлемесін жасап, оны жүзеге асыруды үйренесіңдер. Тігін бұйымдарын өздерің дайындайсыңдар, көрме ұйымдастырып, өз жұмыстарыңды көпшілікке ұсынасыңдар.

Әрбір әйел үйде жайлылық орнатып, қонақ күте алуы тиіс. «Үй мәдениеті» және «Тамақтану мәдениеті» бөлімдері сендерді қажетті біліммен қамтамасыз етеді. Өздерің үшін аспаздық шеберліктің сиқырлы әлемін, оның дамуының қызықты тарихын ашасыңдар. Көптеген рецептермен танысқан соң, тек дәстүрлі емес, сонымен қатар таңдаулы жеңсік астарды да дайындап үйренесіңдер. 7-сыныпта үй мәдениеті мен шаруашылық жүргізу туралы: тұрмыстық техниканы қалай қолдану керектігін, оның түрлерін; өсімдіктердің көмегімен үйдің интерьерін шығармашылық тұрғыдан қалай безендіруге болатынын білесіңдер.

Алда сендерді ұзақ, алайда өте қызықты сапар күтуде. Біздің оқулығымыз бұл жолда сендердің сенімді көмекшілерің әрі жолсеріктерің боларына сенімдіміз. Мұнда өздеріңе таныс шартты белгілерді кездестіресіңдер. Олардың әрқайсысы нені білдіретінін 3-бетке қарап естеріңе түсіре аласыңдар.

7-сынып оқулығында қою жасыл түс негізгі болып табылады. Теориялық материал ақшыл жасыл фрэймдерде (1) берілген. Қанық сарғыш түсті пішінді фрэймдерде (2) қосымша қызықты ақпарат, ал ақшыл күлгін жиектемелерде (3) сұрақтар мен тапсырмалар берілген. Тәжірибелік тапсырмалардың барлық түрлері көкшіл түсті (4), жеке және топтық жұмыстар қою сары түсті фрэймдерде (5) ұсынылған.



Өткен сыныптардағыдай бұл оқулықта да электронды қосымша қоса беріледі. Орыс және ағылшын тілдеріндегі жаңа лексиканы үйрену бойынша жұмысты электронды сөздіктің көмегімен жалғастыра аласыңдар. Сөзжұмбақтар, ребустар, дамыту ойындары білімдеріңді және икемділіктерің мен дағдыларыңның бекітілуін өз беттеріңше бақылауға көмектеседі, ал қосымша ақпаратқа толы қызықты бейнероликтер мен фильмдер білімдеріңді арттырады.

Сәттілік тілейміз!

ВИЗУАЛДЫ ӨНЕР

§ 1. ӨНЕРДЕГІ ЗАМАНАУИ ТЕХНИКА ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЖЕТІСТІКТЕР. ТАБИҒАТТАҒЫ МИКРОСУРЕТТЕР



1. Визуалды өнер туындыларын қарастырыңдар.
2. Қоршаған әлемнің визуалды элементтерін атаңдар.
3. Бұл жұмыстардың ерекшелігі неде? Олардың қайсысы сендерді көбірек қызықтырды?
4. Олар қандай жанрда, қандай бағытта орындалған?

Микроөнер
Микроискусство
Microart

Бүгінгі күні қызмет саласының барлығында ғылыми технологиялар бар. Қазіргі заманғы технологиялар мен өнердің өзара байланысының мысалы ретінде микроминиатюраны (микроөнерді) алуға болады.

Микроминиатюра – жұмыстар микроскоп арқылы орындалатын бейнелеу өнерінің бір бағыты.

Микроскопиялық суреттер


Бор



Қарағанның гүл аталығы



Құлқайырдың гүл аталығы




Тұқым




Сандық микроскоп, өсімдікті материал мен бірқатар жасуша құрылымдарын бейнелеу арқылы жасалған суреттерді қарастырыңдар. Үлкейтілген суреттерді салыстырыңдар. Қалай ойлайсыңдар, бұл фотосуреттерді өнер туындыларына жатқызуға бола ма?

Тағамдық бояғыштардың кристалдары




Жауын астындағы көрініс (сабын көбігі)



Кристалл түріндегі ДНҚ



Майлы үлдір




Салицил қышқылы



Бояулар биі



Қар ұшқынының өзегі



Аралардың ұшуы



Көбелек қанаты



Үлкейткіш шыны немесе микроскоп арқылы үлгілерді (ұсақ кепкен жәндіктер, өсімдік жапырақтары және т. б.) қарастырыңдар. Микроскоппен қарағанда суреттер қалай көрінеді? Көргендеріңнің суретін альбомға салыңдар.

Ғылыми жаңалықтардың арқасында адам көзіне көрінбейтін дүниелерді көре аламыз.

Америкалық фотограф және биохимик Линден Гледхилл суретке микроскоптың көмегі арқылы түсіреді. Ғылыми біліктілікті дұрыс әрі бірегей көркем қолдана білу шынайы жауһар туындылар жасауға мүмкіндік береді.

Өнердің бұл түрі адамның сезімдері мен қиялына негізделеді. Суреттерді қарастыра отырып, адам ондағы бейнелерді түрлі кейіпке айналдырып, қиялға қиял қоса алады.

Микроөнер жанрында жұмыс істейтін суретшілер туралы компьютерлік таныстырылым дайындаңдар.



Хасан Кейл – түрік суретшісі. Ол 1980 жылдан бері өз туындыларын ерекше материалдардан орындаған. Кенеп ретінде ұлу қабыршағын, көбелек қанаттарын, кофе дәнін, т. б. қолданады, бояуларды саусағымен араластырады. Миниатюраларды жақыннан тамашалау керек. Сонда ғана ерекше нақышта орындалған жұмыстың әсемдігін көруге болады.



Берілген техникада орындалған графикалық фактура үлгілері мен табиғи пішіндер суреттемесін қарастырыңдар. Кеңістік сурет элементтерімен қалай толтырылатынына, сызық, дақтарды үйлестіру тәсілі қалай қолданылатынына назар аударыңдар.



Түрлі графикалық фактураның 3–4 үлгісін орындаңдар (пішімі 8×6 см; материалы: гель қаламдар, маркер).

Микроскоп арқылы көрген суреттеріңді түрлі материалдармен және көркем техникамен бейнелеңдер.

Графикалық фактураны қолдана отырып, қандай да бір табиғи пішін нобайын сәндік суретке айналдырыңдар (пішімі А4, материалы таңдау бойынша).

Табиғи пішіндердің сәндік нобайлары

Жапырақтар



Ағаш



Балықтар



Көбелектер



Өздерің көргің келетін қандай да бір бейне мен идеяны салыңдар (өсімдік, теңіз сарындары, хайуанаттар мен жәндіктердің фантастикалық кейіптері және т. б.).

1. Орындалатын бұйымның техникасы мен материалын (ермексаздан сомдау, бисерден тоқу, көркем материалмен бейнелеуді), бұйымды көлемді немесе жазықтықта орындауды өздігінен таңдаңдар.

2. Орындалған жұмыстардан көрме жасап, талқылаңдар.



1. Бұл параграфтан не білдіңдер?

2. Алған білімдеріңді қалай қолдана аласыңдар?

**§ 2. БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ ЗАМАНАУИ БАҒЫТТАР (ПОП-АРТ, ИНСТАЛЛЯЦИЯ).
ӨЗДІГІНЕН ІЗДЕНІС ЗЕРТТЕУЛЕРІ**



1. Картиналардың көшірмесін қарап шығындар. Олар қандай сезім тудырады?
2. Олар классикалық туындылардан қалай ерекшеленеді?
3. Қалай ойлайсындар, олардың қайсысы қазіргі кездегі суретшілердің қолынан шыққан?
4. Интернет-ресурстарды, көрнекілік галереяларды, энциклопедия, журнал, мәтіндік топтамаларды пайдалана отырып, шығармалардың стилін анықтаңдар.



**Бағыт
Направление
Trend**

Бейнелеу өнеріндегі негізгі заманауи бағыттар

Реализм



И. Шишкин
«Емен орманы»



М. Ведерников
«Шымбұлақ»

Реализм – ақиқат болмыстың шынайы, анық, жан-жақты көрінісі.

Реалистік өнер ХХ–ХХІ ғғ. ұлттық ерекшелікке және пішіндердің өртүрлілігіне ие болды.

Символизм



М. Врубель
«Өзезіл»



А. Әбілқайыр
«Ұмай бейнесі «Өткені – Болашақ»

Символист-суретшілер аллегорияны, мифологиялық және діни сюжеттерді негізге алады.

Символизм шеберлері: Г. Моро, Пьер Пюви де Шаванн, О. Редон, Ф. Ропс, Э. Бёрн-Джонс, Д. Габриэль, Джон Эверетт Миллес, Уильям Холмен Хант, М. Врубель.

Сюрреализм



С. Дали «Пілдерден көрінетін ақулар»



Л. Рэй «Арктика»

Кенеп бетіне ақиқатқа жанаспайтын, соқыр сезіммен ойға келген шынайылықты бейнелейді. Сюрреализм негізін қалаушылардың бірі – испандық суретші С. Дали. Сюрреализм иллюзияларды қолданумен және пішіндерді үйлестірумен ерекшеленеді.

Кубизм



Л. Попова «Жиһанкез»

Заттық әлемді геометриялық денелер немесе пішіндердің комбинациясы түрінде бейнелейді.

Танымал суретшілер: П. Пикассо, Л. Попова.

Гиперреализм



О. Ортис «Қолдар»

Гиперреалистердің мақсаты – әлемді тек анық суреттеп қоймай, асыра ұқсату, шынайы көрсету.

Поп-арт



Э. Уорхол «Көже»



Р. Раушенберг «Ребус»

Қазіргі тұрмыстық заттарды (үй тұрмысы заттары, тауар қаптамалары, интерьер бөліктері, мәшине бөлшектері және т. б.), танымал тұлғалардың әйгілі фотосуреттерін, газет қиындыларын дәл бейнелейді немесе осы заттар мен суреттерден композиция құрайды. Поп-арттың ерекше сипаты – өзінің жеке идеясын негізге алуында.

Әйгілі суретшілер: Д. Джонс, Р. Раушенберг, Э. Уорхол, Р. Лихтенштейн.

Инсталляция



Ай Вэйвэй «Ванг»



М. Нарымбетов «Қара періште»

Кез келген қарапайым заттардың кеңістікте үйлестірілетін композициясы бар. Композиция тұрмыстық заттардан, өнеркәсіптік бұйымдар мен материалдардан, табиғат нысандарынан жасалуы, мәтіндік немесе көрнекілік ақпараттан құралуы мүмкін. Қарапайым заттардың ерекше үйлесімділігін жасай отырып, суретші оған жаңа символикалық мән береді.

Әйгілі инсталляторлар: Л. Астала, Й. Бойс, Р. Раушенберг, Д. Кошут, Э. Кинхольц.


Орфизм




Р. Делоне
«Марс алаңы: Қызыл мұнара»

Кескіндеменің бейнелеу құралдарын күшейту үшін аппликация қолданылады. Фантастикалық күш қалыптасқан формалар мен түсініктерді ығыстырады. Түстердің ретсіз араласуын, қала суретінің және жекелеген құрылыстардың калейдоскоптық, осал, сансыз элементтерге бөлшектенгенін бейнелейді. Барлығы көрерменге қозғалыстағы, жылт-жылт өткен, дыбыс беретін, эмоцияға толы әлем ретінде елестейді. Суретшіні бейнелеу мүмкін емес нәрсені жеткізе білу мүмкіндігі қызықтырады. Мысалы, картинадағы дыбыстың өріс алуы.

Супрематизм



К. Малевич «Қара шаршы»



К. Малевич «Спортшылар»

Геометриялық абстракцияның бір түрі. Локалды ашық түстермен жазылған геометриялық пішін суреті. Супрематизмнің негізін қалаушы – К. Малевич.

Абстракционизм



В. Кандинский «Сұр сопақша»




Б. Талқамбаев «Эволюция»

Қоршаған әлем суреттерін қалыптасқан пішінде қолданбау. Суретшілер заттар мен эмоцияларын көркем пішіннің белгілі бір элементі арқылы береді (жарықтық таңба, сызық, фактура, көлем).

Әйгілі суретшілер: Н. Гончарова, М. Ларионов, Б. Талқамбаев.


Граффити



В. Потапов «Киіз үй»

Қазіргі кезде граффити тұжырымдамалық, көшелік монументтік өнер түрлерінің бірі. Граффитидің мәні – шығармашылық еркіндік үшін күрес, суретті кез келген жерге салу еркіндігі. Әйгілі шеберлер: Д. Шаббаш, В. Потапов, В. Чтак, А. Тулесова.

Оп-арт



Б. Райли «Квадраттар қозғалысы»

Көрудің оптикалық ерекшеліктері пайдаланылады. Міндеті – адамның көзін арбау, ерекше жағдайларға тап болдырып, типтік емес мәселелерді шешуге мәжбүрлей отырып, оны жалған реакцияға апару.

Әйгілі суретшілер: Я. Агам, А. Родченко, А. Колдер.

Супержазықтық



Т. Мураками «Мистер Доб»

Жапондық заманауи суретші Такаси Мураками ойлап тапқан термин. Термин қазіргі анимация мен комикстердің жазық визуалды тіліне ұқсас 2D, 3D форманың визуалды тілін түсіндіреді.



1. Қазіргі заман өнер бағытының бірін зерттеу бойынша топты таңдаңдар.
2. Суретші және оның шығармалары туралы хабарлама үшін түрлі дерек көздерін пайдаланып, мәлімет іздеу және жинау бойынша міндеткерліктерді үйлестіріңдер.
3. Бейнелеу өнеріндегі суретшілердің, әртүрлі бағыт өкілдерінің шығармашылығымен танысыңдар.
4. Зерттеу нәтижесімен, алған әсерлеріңмен сыныппен бөлісіңдер.

Туындыны жасау барысында шығармашылық идея, белгілі бір стиль бере отырып, бейнелеу өнерінің бір бағытында сурет салыңдар.

1. Материалдарды таңдаңдар, идеясы мен түстердің қалай үйлесетінін анықтаңдар.
2. Өз пікірлеріңмен бөлісіңдер, орындалған суреттің мәнін түсіндіріңдер, композицияны одан әрі жетілдіру мақсатында бір-біріңе ұсыныстарыңды айтыңдар.
3. Өз жұмыстарыңмен таныстырыңдар.
4. Осы стильде салған суретшілерді, стильдің ерекшеліктерін атаңдар.
5. Суретші жұмыстарының сендердің композиция құруларыңа қандай әсері болды?



Мектеп сайтына бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттар туралы мақала дайындаңдар.



«Қазақстанның бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттар» тақырыбы бойынша сыныптастарыңа таныстырылым дайындаңдар.



Асхат Ахмедияровтың «Әженің көзі» инсталляциясы 32 сферадан құралған және біріктірілген екі қазан түріндегі алқа бұйымы болып табылады. «Әженің көзі» өзінің немере қыздарына қалдырған әже мұрасы дегенді білдіреді.

Азияда әйелдер қауымы қазанда пісірілетін дәстүрлі тағамдардың рецепті аналары мен әжелерінен мұра етіп алған. Суретші екі қазанды біріктіріп, оны толық көлемде алынған моншақ алқаға ұқсатты. Орталық Азияда егде әйелдер қыздары мен немерелеріне естелік заттар қалдырады. Естелікке сақина, ормал, моншақтар қалдыруы мүмкін. Мұндай әжесінен қалған сыйлықты өмір бойы қастерлеп, құнды тұмардай сақтайды. Асыл тастар – інжу немесе маржаннан жасалған моншақтар қазірде сәнімен қолданыста қалыптасқан.



А. Ахмедияров «Әженің көзі»



1. Қазіргі кездегі өнердің қандай бағыттары сендерге таныс?
2. Қай суретшінің шығармашылығы сендерге ерекше қызықты болып көрінді?
3. Қазіргі кездегі суретші жұмыстарының көшірмелерін қарап шығыңдар. Көркем суреттің бағыттардың қандай да бір түріне жататындығын білдіретін стильдік ерекшеліктерін көрсетіңдер.

§ 3. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗАМАНАУИ СУРЕТШІЛЕРІ



Н. Әбішев «Шарын шатқалы»



А. Дүзелханов «Қамбар батыр»



Н. Килібаев «7 қазына»



Н. Бажиров «Күтуде»



Т. Батанов «Ой»



А. Әбжанова
«Алтын Бурабай»

1. Қазақстандық суретшілердің жұмыстарын қарастырыңдар. Қазақ халқының тұрмысын, табиғатын, мәдениеті мен тарихын бейнелейтін нысандарды атаңдар.
2. Өнер туындылары қандай бағыттарда орындалған?
3. Жұмыстарға салыстырмалы сипаттама беріңдер.
4. Қалай ойлайсыңдар, Қазақстанның заманауи суретшілерінің шығармашылығына не шабыт береді?



Заманауи Современный Modern

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін көптеген суретшілер шығармашылығына басқаша көзбен қарап, жаңа бағыттарды іздестіре бастады. Қазақстанның заманауи бейнелеу өнерінде үш бағыт дами бастады: нышандық, тұжырымдамалық тәсіл және реализм. Қазақстан заманауи өнеріне шығармашылық ізденіс, жаңа дәуір мәселелерін әртүрлі жолмен шешетін стильдер тән.

Бүгінгі күні ол жанр, стилистика, шығармашылық бағыттар мен жеке талпыныстардың көп түрлілігімен өзіне назар аудартып, тірі адам кейіптерін, қоршаған болмыс шындығын алуан түстермен бере отырып, қандай да бір көркем мәселелерін шешу үшін өзіндік бейнелеу тілдерін тапқан шеберлердің әртүрлі буындарымен таныстырылған.

Қазақстанның бейнелеу өнерінің ұлттық және әлемдік мәдениетте өз орны бар. Заманауи Қазақстанның заманауи суретшілері дүниежүзі бойынша танымалдылыққа және құрметке ие болды. Олардың туындылары көптеген елдердің мемлекеттік галереяларының экспозициясы мен қорына енді. Олар өзіндік жаңа бағытты ойлап тауып, жұмыс істеуде.



Ағымсалы Дүзелханов тарихи тұлғалардың бейнесін шынайы көрсетеді. Оның «Томирис», «Сақтар», «Оғыз хан», «Абылай хан», «Әбілқайыр хан» және т. б. картиналары ұлттық өнердің дамуына үлкен үлесін қосты. Суретші ашық реңкті шығармашылық стилімен ерекшеленеді. Хан, билердің бейнесін салған кезде әр кейіпкердің рухани дүниесін көрсетуге талпынған. Өткен дәуір қаһармандарына арналған ескерткіштер суретшінің жемісті еңбегі мен шеберлігінің нәтижесі болып табылады.



«Томирис»



Бақытнұр Бүрдесбеков – қазақстандық заманауи суретші. Алматы облысында туған. Н. В. Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесін, В. И. Мухина атындағы Ленинград жоғары көркемөнер-өнеркәсіптік училищесін тәмамдаған. Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі. Республикалық және халықаралық көрмелердің қатысушысы, АҚШ-та өткен «Арт-Экспо 2011» халықаралық байқауының лауреаты. Көптеген аумақтық, республикалық және халықаралық көрмелердің авторы.

Өзінің «Сырғалы қыз» атты туындысында суретші қазақ қызының сұлулығына тамсанып, «дала ханшайымының» қиял кейпін жасады. Оның сырға толы көзқарасын, момындығы мен нәзіктігін суретші әртүрлі реңктер мен сәуле шағылысын пайдалана отырып, түс пен жарық арқылы жеткізген. Бойжеткеннің дәстүрлі зергерлік әшекейлері көздің жауын алып, жалпы бейнесін ғажайып әрі ерекше етеді. Автор абстрактылы тәсілдерді пайдаланып, бойжеткеннің



«Сырғалы қыз»

көзіне ерекше мән береді. Суретші салқын және жылы түстерді үйлестіріп, таңғажайып үйлесімділікке қол жеткізген. Суретші қыздың сұлулығын ерекшелей келе, шабыттанып, оны терең сезіммен баяндайды.

Амандос Ақанаевтың көркем туындылары күрделі композициялық, қайғылық психологизмге толы. «Жоқтау» картинасында бұл мұң ана бейнесі арқылы жеткізіледі. «Ота» туындысында адам өмірін құтқарушы хирургтың кейпін көрсете білді. Суретшінің «Мазасыз дүние» және т. б. туындыларында халықтың қиыншылығы, мұңы, бейбіт өмір туралы арманы бейнеленген.

Амандос Ақанаевтың «Сәукеле», «Қоныс» атты авангардтық жұмыстарында терең философиялық ой жатыр.



«Сәукеле»

Жаңа буын суретшілері өткен буынның ізденістерін жалғастыруда: Г. Мадановтың «Өшпейтін жарық», К. Хайруллиннің «Жел гүлі», Б. Бапишевтің «Төрт пайғамбар», А. Қазығұловтың «Дала мадоннасы» және т. б. Бұл туындылар әлемді түсінудің өзіндік жолын көрсетеді.

Қазіргі заманғы бейнелеу өнері халықтық кейіп, халық тарихы туралы көзқарасты тереңдетіп, қазіргі заман құбылыстарын ой елегінен өткізуге тырысуда. Манат Қаспақовтың «Ұлы апат» және Бақыт Мырзахметовтың «Тәркілеу» картиналары халықтың басынан өткізген ауыр кезеңдерін бейнелейді.

Қазіргі заманғы суретшілерге шығармашылық ізденіс, дербестік, ой түюде батылдық тән. Еркін Мерғеновтың шығармашылығы сана-сезім мен тұрмыс арасындағы қарама-қайшылықты шешудің өзіндік формасымен ерекшеленеді. Бұған оның «XX ғасыр», «Жаңғырық», «Екеу» және т. б. туындылары куә.

Адам мен тұлпардың жасырын қуат-күші мүсінші Нұрлан Далбаевтың «Салт атты» деген жұмысында композициялық шешім арқылы берілген.



Түрлі ақпарат көздерін пайдалана отырып, Қазақстанның заманауи суретшілерінің шығармашылығымен өз беттеріңше танысып (таңдау бойынша), төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Олар қандай жанрда, бағытта жұмыс істейді?
2. Қандай материалдарды пайдаланады?
3. Жұмысты орындау техникасын сипаттаңдар.
4. Жұмыстардың салыстырмалы сараптамасын өткізіңдер. Олардың ортақ белгілері мен ерекшелігін көрсетіңдер.

1. Түрлі түсті қатты қағазда Қазақстанды немесе қазақ халқының тұрмысын бейнелейтін нысандардың сұлбалық нобайын салып, сұлбасы бойымен қиып алыңдар.

2. Қиып алынған түрлі түсті нысандардан абстрактілі (тік және көлденең) композицияларды орындаңдар. Бұл нысандардан қанша композиция құрастыруға болады?

3. Орындалған жұмысты қазақстандық суретшілердің туындыларымен салыстырыңдар.



Қосымша әдебиеттер мен интернет-ресурстарын пайдалана отырып, өздеріңе ұнаған суретші туралы таныстырылым дайындаңдар.

«Тәуелсіз Қазақстанның бейнелеу өнері» тақырыбына шығарма жазыңдар.



Қазақстанның заманауи суретшілері туралы компьютерлік таныстырылым дайындаңдар.



Ө. Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейі

дәуірі ескерткіштері үлгілері қойылған Қазақстанның көне өнері залы ашады. Зал экспозициясы сонымен қатар ұлттық сәулетшілікпен таныстырады. Мұнда ғасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің әшекей фрагменттері ұсынылған.

Қазақ ұлттық қолданбалы өнер туындылары қатарында бірегей зергерлік әшекейлер топтамасы, ағашқа және сүйекке көркем өрнек салынған және ойылған бұйымдар бар.

Музейде келесі суретшілердің жұмысы қойылған: Ө. Ысмайылов, А. Черкасский, Қ. Телжанов, А. Ғалымбаева, К. Наурызбаев, Н. Нұрмұхамедов, Г. Ысмайылова, С. Романов, Е. Сидоркин, С. Айтбаев, Е. Мергенов және т. б.



Ө. Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейінің көрме залы



Вашингтон ұлттық галереясы, Лондон ұлттық галереясы, Берлин ұлттық галереясы, Дрезден картина галереясы, Лувр (Париж), Брер картина галереясы (Милан), Третьяков мемлекеттік галереясы (Мәскеу), Эрмитаж және Орыс музейі (Санкт-Петербург), т. б. көне галереялар әлемге әйгілі.

1. Қазақстанның суретшілері туралы не білдіңдер?
2. Қандай тапсырманы орындау барысында қиындық туындады? Неліктен?
3. Қай суретшінің шығармашылығы қызықты болып көрінді?
4. Қазіргі заманғы бейнелеу өнерінің ерекшеліктері қандай?
5. Қазіргі заманғы суретшілердің шығармашылығында қандай сюжет басым?
6. Олардың шығармашылығында ұлттық сарын қалай көрінеді?
7. Суретшілердің өз туындысын жасауға не шабыт береді деп ойлайсындар?



§ 4. ӨНЕРДЕГІ ЗАМАНАУИ СТИЛЬДІК БАҒЫТТАРДЫ ЗЕРТТЕУ НЕГІЗІНДЕГІ ТӘЖІРИБЕ ЖҰМЫСЫ (2D НЕМЕСЕ 3D ФОРМАТТА)



Түрлі ақпарат көздерін қолдана отырып, өз шығармашылығында инсталляция тәсілдерін қолданатын заманауи суретшілердің шығармашылығымен танысыңдар. Инсталляцияның көмегімен қарапайым үйреншікті заттар қазіргі кездегі қоғам мәселелерін көрсете отырып, қалайша жаңа символдық қызметтерге ие болатынын талқылаңдар.

1. Өз жұмыстарыңда қарастырғыларың келетін мәселені анықтаңдар. Әйгілі туынды авторларының жұмыстарына сүйене отырып, таңдалған мәселенің эскизін орындаңдар.
2. Топтарда жеке идеяларды талқылаңдар, инсталляция эскиздерін жинақтап, одан әрі негіздемелендер және орындау үшін ең сәтті нұсқаны таңдап алыңдар.
3. Объектіні жасау бойынша қызмет түрлерін үйлестіріңдер, жұмыс барысындағы тәуекелдерге жол бере отырып, материалдар мен орындау тәсілдерін таңдаңдар.
4. Бұрын меңгерген білімдерің мен өзіндік дағдыларыңа сүйене отырып, материалдар мен түрлі техникаларды араластыра тәжірибе жасау арқылы жұмысты орындаңдар.
5. Орындалған жұмыстарды көрмеге қойып, таңдап алған мәселенің өзектілігі мен өз шығармашылық идеяларыңның визуалды жеткізілуіне талдау жасаңдар.
6. Орындалған жұмысты жетілдіру бойынша өз ұсыныстарыңды айтыңдар. Орындалған жұмысқа қысқаша сипаттама жазыңдар немесе басқа топ жұмысына қатысты пікір білдіріңдер.
7. Материалдар мен құралдарды қауіпсіздік техникасын және жеке гигиена ережелерін сақтай отырып қолданыңдар.



Қазіргі заман өнері жаңа ағым өкілдерінің туындылары туралы қорытынды таныстырылым, көрме немесе бейнеролик дайындаңдар.

Жұмыстарды таныстыру және көрме ұйымдастыру

1. Аталмыш тарауды зерделеу барысында жасаған ең үздік деген туындыларды іріктендер.
2. Орындалған жұмыстарды таныстыру үшін іс-әрекет түрлерін (орнату, бекіту, біріктіру, паспартуға рәсімдеу) ойластырыңдар.
3. Шығармашылық жұмыстарды көрмеге рәсімдеңдер.
4. Жұмысты таныстыру формасын таңдаңдар.
5. Жұмыстарды таныстыру үшін учаскені, құрал-жабдықтарды таңдаңдар.
6. Бұл туындыны жасауға түрткі болған себептерді атаңдар.
7. Жұмыс барысында пайдаланылған құрал-жабдықтарды, материалдарды атаңдар.
8. Таңдап алынған заттың артықшылықтары мен кемшіліктерін атаңдар.
9. Орындалған туындыны өздігінен шынайы бағалаңдар.
10. Жұмысқа сипаттама жазыңдар.
11. Жұмысты көпшілікке таныстырыңдар.



СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР

§ 5. КӨРКЕМ ӨРНЕК САЛУ (БАТИК, ГЖЕЛЬ, ХОХЛОМА). КӨРКЕМ ӨРНЕК ТҮРЛЕРІ. ӨРНЕК САЛУ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ТЕХНИКАСЫ. МАТЕРИАЛДАР МЕН ҚҰРАЛДАР



1. Сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын қарастырыңдар.
2. Бұл жұмыстардың ерекшеліктері неде?

Өрнек салу
Роспись
Painting

Көркем өрнек салу – қандай да бір жазық бетті бояумен және қылқаламмен сәндеу өнері. Сәндік-қолданбалы өнердің бұл түрінің сан алуан түрлері бар.

Көркем өрнек салудың негізгі түрлері

Қазақстанның ежелгі шеберлерінің ыдыстарға салған өрнектері. Ағаш ыдыстарға бояумен өрнек салып, әшекейлеу Қазақстанда бұрыннан пайда болды. Суретшілер сурет салуға әртүрлі мәдениеттің өзара кірігу дәрежесімен қазақтың ою мотивтерін пайдаланған. Қазақтың той-мерекелерінде көркем өрнекпен әшекейленген ыдыстардан қымыз ішуге болады.

Ою-өрнек түстерінің үйлесімділігі маңызды – олар белгілі бір реттілікпен орналасуы тиіс. Композицияға байланысты түспен сурет таңдалады. Қазақ шеберлері үшін түс таңдаудың символикалық мәні бар: көк түс – аспанды; қызыл түс – күнді, отты; сары түс – білім мен даналықты, сағыныш, мұңды; қара түс – жерді; жасыл түс – жастық шақ, көктемді бейнелейді. Қазақстанда ою-өрнектермен безендірілген алғашқы қыш құмыра бұйымдары, б. з. д. V мыңжылдықта, неолит кезеңінде Қазақстанның оңтүстік өңірінің қалаларында пайда болған. Қыш құмыра жасау өнері кеңінен таралған, бұйымдар ою-өрнектермен безендіріле отырып өндірілген.

Қыш құмыра бұйымдарының көпшілігі қара бояумен боялған, сондықтан ою-өрнек сызықтарының контуры айқын көрінеді. Ерекшеліктерінің бірі күрделі оюлардың үздіксіз салынуы болып табылады. Балшықтан жасалған бұйымдар өрнектеліп, жасыл түске боялған және әшекейлеуге жылтырақ пайдаланылған. Осы кезеңде ою-өрнек түрлері өзгереді, көлемді өрнектер, нүктелермен толтырылған үшбұрыштар қалады. Оның орнына ирек немесе көлденең сызықтар жиі қолданылды. Сонымен қатар, қолмен жапсыру, баспа таңба, қадамөр бастыру арқылы әшекейленеді. Бұл қадамөр – «торлы шеңбер» немесе «дөңгелек шабағы» түрінде болады.

XIV–XV ғғ. қыш ыдыстардың беті тегіс, түрлі түсті оюлармен өрнектелген. Өрнек сызықтары – анық, түстері – ашық. Негізгі суретті айқындау үшін кереғар түстер немесе геометриялық өрнектер қолданылған. Бұйымның беті жарық жағы бойынша бөлінген, онда күн сәулесі бейнеленген немесе геометриялық пішінді өрнектер салынған.

Ежелгі шеберлер бұйымның бетін түгел ою-өрнектермен әшекейлеуге тырысқан. Негізгі сурет арасындағы бос орындарды нүктелер, шиыршықтар, үзік-үзік сызықтармен толтырған.



Ежелгі Қазақстанның керамикалық ыдыстарға салған суреттері



Суретшілердің әрбір буыны өнерде жеке және қайталанбас өз үлестерін қалдырады. Тәуелсіздік алған уақыттан бері Қазақстанда сәндік-қолданбалы өнер ұрпақтың үздіксіз байланысы мен үлкен шығармашылық мүмкіндігін көрсете отырып, өз дамуының жаңа кезеңіне жетті. Отандық жас авторлардың туындылары еліміздегі және шет елдердегі музейлер мен жеке галереяларда лайықты орын алды.



Батик – матаға сурет салу өнері. Батиктің бірнеше түрі болады: салқын, ыстық, «кракле» әсері, көркем бедер салу, еркін өрнек, түйінді батик.

Еркін өрнектен басқа тәсілдердің барлығының негізінде резервтеу қағидасы жатыр. Резервтеу барысында матаның боялмайтын жерлері бояудың кенепке жайылуын шектейтін арнайы қоспамен көмкеріледі. Ол матаға сіңеді де, оның жекелеген жерлерін бояу әсерінен қорғайды. Жұмысты орындау үшін тек анилин бояғыштар жарамды, себебі бояудың басқа түрлері мата бетінен ширатылып кетеді.

Салқын батик. Бұл тәсіл резервті тұйықталған сұлба түрінде түсіріп, соның төңірегінде бояумен көркем сурет салуды тұспалдайды.

Ыстық батик. Балқытылған резерв сурет сұлбасына түсіріледі немесе кенептің жекелеген жерлерін жабады.

Матада еркін өрнек салу. Бастапқы сурет бояумен салынады, резерв тек соңғы өңдеу барысында қолданылады.

«Кракле» әсері. Жұмыс ыстық батик тәрізді бірнеше қабат бояу арқылы орындалады. Алайда, жұмыс соңында резерв салқындаған соң, жұмыс жақтаудан алынып, абайлап мыжылады, содан соң қайтадан жақтауға керіледі. Жұмыстың бет жағына қара бояу жағылады. Біраз уақыт кептіріліп, резервте сақтайтын құрам ыстық үтіккің көмегімен алынады.

Көркем бедер салу техникасында матаға өрнек салу барысында алдын ала дайындалған ағаш қалыпқа қою бояуды жағады да, қосымша басып түсіреді, яғни суретті матаға «тығыздайды».

Түйінді батик алдыңғы тәсілдерден ерекшеленеді. Кенеп түрлі тәсілдермен бүктеледі, бірнеше жерінен байланады немесе жіппен тігіледі, содан кейін бояумен боялады.



Батик

Хохлома – ағашқа салынған сәнді өрнек. Дәстүрлі хохлома өрнегі – өсімдіктерді: қойбүлдірген мен шетен жидектері, бүршік атқан бұтақтарды бейнелейді. Құстар, балықтар және т. б. бейнелер сирек кездеседі.

Хохлома өрнегінің басты ерекшелігі – суретші өрнектердің сұлбаларын алдын ала нақты салмайды. Тіпті жіңішке үзік сызықты қажет ететін ұсақ бөлшектері қарындашпен салынбай, бірден жұмсақ қылқаламмен боялады.

Хохлома көркем суреті бірнеше элементтерден тұрады:

- «кішкене соналар» – қылқалам ұшымен жоғарыдан төмен қарай жеңіл қимыл жасау арқылы орындалады;
- «бір тал шөп» – бояуды біраз бірқалыпты жуандата отырып түсіреді;
- «тамшылар» – қылқаламды қағазға басу арқылы салынады;
- «қылқандар» – бірдей жуандықтағы шиыршықталған тұтас сызықтар;
- «бұйра» – элемент ортасында сәл салмақ салына орындалады;
- «шоқ бұта» – едәуір қарапайым симметриялы орналасқан элементтерден – «кішкене соналар», «бір талшық шөп», «тамшы», «қылқандар» мен «бұйрадан» тұрады;
- «жидектер» – қызылжидек, қарақат, шетен жидектері қадамөрмен (тығыз түтікке оралған қағаз жолағы), қарлыған, құлпынай жидектері қылқаламмен салынады. Кепкен бояу үстінде жидектер сары түспен бейнеленеді.




Ағаш ыдыс. Хохлома өрнегі

Хохлома мәскеулік икона жазушы дарынды шебердің арқасында пайда болды деген аңыз бар. Ол патша игілігіне қызмет еткен, ал патша болса, одан сый-сияпатын аямаған. Алайда шебер еркіндікті аңсап, жасырын орманға қашып кеткен. Сол жерде тұрақтаған шебер енді халқына қызмет етуді ойлайды, өз туындыларында орыс халқының жаны мен туған жерінің әсемдігі көрініс тапқанын қалайды. Соның нәтижесінде сәнді гүлдер мен қылдырықтай бұтақтармен көмкерілген алғашқы хохлома шыныаяқтары пайда болады.

Өсімдікті ою



«Шөп» өрнегі




Гжель – керамика, фарфор, керамикалық бұйымдарды безендіру. Гжель – Гжелька өзені жағалауындағы ескі ауыл. Елді-мекен атауы «жгель», «жечь» немесе «обжечь», яғни «өртеу», «күйдіру» деген сөзден шыққан. Гжельде балшықтың түрлі сұрыптары XVII ғасырдың ортасынан бастап өндіріле бастаған.

Ертеде бұл кәсіп енді ғана дами бастаған кезде гжель түрлі түсті болатын. Ыдыстар, адамдар мен хайуанаттар мүсіні ашық; жасыл, сары, қызыл бояулармен салынатын.



Фарфор ыдыс. Гжель


Сызықтар мен нүктелер




Гүл



Жиектемелер



Жұмыс барысында қол буынының дұрыс орналастырылуы



1. «Көркем өрнек түрлері» фотоальбомын жасаңдар.
2. «Егер сәндік-қолданбалы өнер жойылып кетсе?» тақырыбына пайымдау мәтінін жазыңдар.

Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнер шеберлері туралы қосымша материал жинаңдар. Таныстырылым дайындаңдар.


1. Түрлі ақпарат көздерін пайдалана отырып, қазіргі кездегі суретшілер мен сәндік-қолданбалы өнер шеберлерінің шығармашылығымен танысыңдар.
2. Көркем өрнек салудың кескіндемеден айырмашылығы неде?
3. Кестені толтырыңдар.

	Батик	Гжель	Хохлома
Материалы			
Түсі			
Сюжеті			
Ерекшеліктері			

1. Қазіргі кездегі сәндік-қолданбалы өнер суретшісінің халық шеберінен айырмашылығы неде?
2. «Өнер туындысы өзі жасалған материал тілімен сөйлейді» деген сөзді қалай түсінесіңдер? Оны мысалмен көрсетіңдер.
3. Суретші сәндік-қолданбалы өнер туындыларында өз ойы мен сезімін жеткізу үшін қандай көркем бейнелеу құралдарын қолданады?
4. Ою-өрнектің ерекшеліктерімен байланысты салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар туралы не айта аласыңдар?
5. Көне ою-өрнек үлгілерін таңдаңдар, олардың суретін салыңдар.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях согласно Приказа Министерства образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

§ 6. БҰЙЫМ ЭСКИЗІН ЖАСАУ. МАТЕРИАЛДАР МЕН АСПАПТАРДЫ ДАЙЫНДАУ



Суреттерді қарап шығып, олардың көркем өрнектің қандай түріне арналғанын анықтаңдар.

Эскиз
Эскиз
Sketch

Әр суретші жұмысты бастар алдында әдетте өзінің болашақ туындысының эскизін қарындашпен салып алады. Эскиз суретшінің ойын түсінуге көмектеседі. Оның масштабын көзбен шамалап, болашақ бұйымның пропорциясын сақтай отырып, қолмен салады.

1. Көркем өрнектің бір түрін өздерің таңдап, бұйымның эскизін жасаңдар.
2. Іс-әрекет кезеңдерін айқындай отырып, технологиялық карта құрыңдар.



Көркем өрнектің кейбір элементтерін салып жаттығыңдар. Қағазда әртүрлі өрнек элементтерінің үлгілерін орындаңдар.

Шығармашылық жұмысқа арналған эскиз үлгілері



1. Тапсырманы орындау барысында қандай қиындықтар кездесті?
2. Жұмыс жақсырақ шығуы үшін нені өзгертуге болатынын ойластырыңдар.
3. Сабақта алған білімдерің өмірде қажет бола ма?

§ 7. КӨРКЕМ ӨРНЕК САЛУ. БЕЗЕНДІРУ. РӘСІМДЕУ



Дайын бұйымға көркем өрнек салыңдар, оны безендіріңдер (таңдау бойынша).

КЕ

Тәжірибе жұмысының алдында өрнек салу барысында сақталатын қауіпсіздік техникасы ережесін қайталау қажет.

Салқын батик

1. Сурет эскизін А4 форматта жай қарындашпен орындаңдар. Оны матаға көшіріңдер.

2. Сұлбасын қара маркермен айналдыра сызыңдар. Сурет анық, айқын, ұсақ бөлшектерсіз болуы керек.

3. Бұйымдағы көркем сурет салынатын орынды анықтаңдар, ол кесте кергішке салынады немесе жапсырма шегелермен ағаш жақтауға керіліп бекітіледі (шеге тәрізді жапсырмаларды қолданған дұрыс – олар матаға зақым келтірмейді). Эскизді матаның астына салыңдар, үшкір емес жұмсақ қарындашпен суретті матаға көшіріп түсіріңдер. Пайда болған сұлбаларды су шашырандысымен оқшаулаңдар, кепкенін күтіңдер.

4. Суретті (алдымен ашық, содан соң күңгірт реңкте) бояңдар.

5. Батикті толығымен кептіріңдер.

6. Бұйымды декатирлеп, рәсімдеңдер.




Хохлома өрнегі

1. Заттың қызықты пішінін ойлап табыңдар және оны жидекті немесе гүлді шөппен әшекейлеңдер.

2. Қағазды фон түстес – қара немесе сарғыш түспен тегістеп бояңдар.

3. Фоны кепкен соң бірқалыпты жіңішке сызықпен сабақша түсіріңдер. Содан соң бір қалыпта, сабақшаның екі жағына жидектер немесе гүлдер орналастырыңдар.

4. Сабақшаға бұйра шөпті, жіңішке сонаны тіркеңдер. Сурет түсін бақылап отырыңдар.



Гжель өрнегі

1. Қызықты пішінді (құты, шөлмек) таңдап алыңдар, оған тегістеп ермексаз жапсырып, қызықты жапсырма бөлшектерін қосыңдар және сулы-эмульсиялы бояумен бояңдар.

2. Көк түспен шүмегін, тұтқасын көмкеріңдер, ыдыстың мойны мен табанын айрықшалап бояңдар.

3. Жұмсақ жұмыр қылқаламды пайдалана отырып, ыдыста негізгі өрнекті салуға кірісіңдер.

4. Гүлдің суретін ортасынан бастап салыңдар. Қылқаламның бір жағына бояуды малып алып, үсті-үстіне жаға отырып, тұтастай гүлді салып шығыңдар. Гүлді жапырақтармен, бұйра өрнектермен, нүктелермен толықтыруға болады.



Шыны бұйымдарға өрнек салу

- Шыны бұйымды дайындап, майсыздандыру.

1-нұсқа (акрил бояулармен).

- Бұйымды пейзаждармен, өрнектермен әшекейлеңдер. Кептіріңдер.
- Көркем суреттің үстінен қорғау үшін лак жағып, кептіріңдер.
- Бұйымды декатирлеп, рәсімдеңдер.



2-нұсқа (витраж бояулармен).

- Бір парақ қағазға нақты өлшемдегі эскизін салыңдар.
- Эскизді файлға салып, үстінен суреттің сұлбасын сызыңдар.
- Суретті бояп, кептіріңдер.
- Суретті файлдан алып, майсыздандырылған шыны бұйымның беткі қабатына басып ұстаңдар.
- Бұйымды қорғау үшін лак жағып, кептіріңдер.
- Бұйымды безендіріп, рәсімдеңдер.

Су негізді акрил бояулар оңай жағылады, тез кепеді, кепкеннен кейін суда ерімейді. Акрил бояуды жаққаннан кейін қылқаламды бірден жуып отыру керек.

Жұмыстармен таныстыру және көрме ұйымдастыру

1. Шығармашылық жұмысты көрмеге дайындаңдар.
2. Өз жұмыстарыңа аңдатпа жазыңдар.
3. Жәрмеңке-көрме атауын ойластырып, рәсімдеңдер.
4. Хабарландыру беру және шақыру қағаздарын дайындаңдар.
5. Бұйымдарды бірін-бірі көлегейлемейтіндей етіп орналастыруды ойластырыңдар.

Есте сақтаңдар: барлық жұмыстың мөлiметтері жазылған болуы керек (атауы, жұмыс авторы, оның жасы, сыныбы, бұйымның бағасы). Жазулар бірдей қаріппен, бір түсте, бір форматтағы парақтарда орындалуы керек.

Безендірілген бұйымға қойылатын техникалық талаптар

1. Көркем өрнек салу техникасының барлық талаптарына сай болуы керек.
2. Әсем және ұқыпты орындалуы керек.
3. Бұйымның түстік гаммасы орналастырылатын жердің түсімен үйлесімді болуы керек.



1. Қандай халықтық кәсіптер туралы білдіңдер? Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі неден білінеді?
2. Халық шеберлері сюжет, бейне, өрнектерді қайдан алады?
3. Халықтық сәндік өнердің қандай бұйымдарында гүл композициялары қолданылады?

ДИЗАЙН ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯ

§ 8. КИІМДІ ТҮРЛЕНДІРУ (ТРАНСФОРМАЦИЯ) ЖӘНЕ ТІГІН БҰЙЫМДАРЫН СӘНДЕУ (КИІМ, АКСЕССУАРЛАР, БИЖУТЕРИЯ)



1. Фотосуреттерді қарастырыңдар. Оларда не суреттелген?
2. Бұл киімдерде қандай ұқсастық бар?
3. Оларды топтарға жіктеңдер.



Өзгерту,
трансформация
Трансформация
Transformation

Трансформер заттар – сыртқы түрін немесе қызметін өзгерте алатын бұйымдар. Трансформер заттар ыңғайлы, көпфункционалды, әр кезде жаңаша көрінуге мүмкіндік береді.

Адам өзінің сырт келбеті қандай да бір жағдайға сай болуы үшін киімін ауыстыруға үйіне қайта оралмай-ақ, трансформациялау арқылы өз келбетін өзгерте алады.

Трансформация тәсілдері:

- киім бөлшектерін немесе элементтерін «созу – қусыру»;
- киім бөлшектерін немесе элементтерін «ажырату – біріктіру»;
- киім бөлшектерінің өлшемі, көлемі және пішінін «өзгерту – бекіту»;
- киім бөлшектерін немесе элементтерін «орау – жазу»;
- бұйым көлемінің «кішірейтілуі – үлкейтілуі»;
- киім бөлшектерін немесе элементтерін басқа бөлшектермен немесе элементтермен «ауыстыру»;
- бөлшектерді «үйлестіру – жинақтау»;
- киім бөлшектерінің немесе элементтерінің «орнын ауыстыру».

Дизайнерлердің жұмыстарын қарап шығып, берілген бұйымдардың трансформациясын қандай тәсілдермен орындауға болатынын анықтаңдар.



Ескі заттарды қайта жаңғырту трансформацияның бір түрі болып табылады.



Фотосуреттерді қарастырыңдар. Бұйымдарды безендіру және өзгерту тәсілдерін атаңдар.





Әр үйде қолданыстан қалған заттар табылады. Қажетсіз, жарамсыз материалдан өз қолыңмен әртүрлі әдемі бұйымдар жасауға болады. Мысалы, ескі джинсыден шолақ шалбарлар, бриджи, капри, алжапқыш, белдемше тігуге болады.

Сондай-ақ, жуынатын бөлме, дәретхана немесе дәлізге арналған шағын кілемше, жастық тыстарын тігуге болады. Бірдей көлемді, шаршы пішінді қиындыларды бір-бірімен қосып, төсек, диван жапқыштары тігіледі.

Қалталары үй органайзерлері мен сәнді гамак жасауға жарайды. Балақтарынан көптеген түймеліктері бар сәнді сөмке тігіп, түрлі түсті жапсырма, кесте, шыны әшекейлермен, т. б. безендіруге болады. Мұндай сөмке күнделікті бейнелеріңе тамаша толықтыру болады.



Джинсы қалдықтарынан әртүрлі аксессуарлар – білезік, шашқа қыстыратын түйрегіштер жасауға болады.

Осылайша, ескі заттарды жаңартуға болады, ал мұндай заттар өзгеше түрге еніп, сізге әлі де ұзақ қызмет ететін болады.




Тігін бұйымын өз қолыңмен әсемдеу – өте қызықты жұмыс. Ең қарапайым бір түсті бұйымды сатып алып, әртүрлі материал (үйде бар материал) арқылы өзіңнің жеке эксклюзивті бұйымыңды жасауға болады.

Ал сәндеу, ең алдымен, киімге тұтас немесе оның жеке элементтеріне қайталанбас талғампаздық, бірегейлік, нәзіктік, сәнділік беруге бағытталған.

Тігін бұйымдарын әртүрлі элементтермен:

- логотип;
- жапсырылатын немесе тігілетін аппликация;
- түрлі түсті моншақ, бисер, стеклярус;
- әртүрлі түймелер;
- страза;
- әртүрлі пайетка;
- фломастер, бояу және т. б. арқылы әшекейленген элементтер;
- түрлі түсті таспа, ызба, шілтерлер;
- қолмен кестелеу немесе сәндік тігістермен әшекейлеуге болады.

Фотосуреттерді қарастырыңдар. Сәндік элементтерін атаңдар.



1. Алдын ала дайындалған эскизді қолдана отырып (§ 6), әртүрлі материалдардан қимаулігі (қатты қағаз, тоқыма, пленка және т. б.) жасаңдар.
2. Оларды әртүрлі өрлеу материалдарымен және фурнитуралармен өшекейлеңдер.
3. Эскизді сыныпқа таныстырыңдар.



1. Тігін бұйымын өзгертіңдер (таңдау бойынша).
2. Ескіні жаңалау, өзгерту барысының суретін салыңдар.
3. Идеяларыңның көрсетілімін дайындаңдар, өз топтарыңда талдаңдар.



1. Киімді қалай жаңалауға болады? Бұл бүгінгі күнде өзекті ме?
2. Трансформер заттардың ыңғайлылығы неде?
3. Тігін бұйымдарын өзгертуге (трансформациялауға) қатысты қандай идеялар туындады?

§ 9. ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ ҮШІН ИДЕЯЛАР ОЙЛАСТЫРУ. ЭСКИЗ



1. Трансформер тігін бұйымының моделін таңдаңдар.
2. Таңдап алынған бұйымның трансформациялау эскизін жұмыс дәптерлеріңе салыңдар.
3. Графикалық құжаттамасын (сызба, пішім, лекало) әзірлеңдер.
4. Бұйым бөлшектерінің немесе бөліктерінің санын және атауларын анықтаңдар.
5. Бұйымды трансформациялаудың технологиялық реттілігін құрыңдар.

Киімді тігу барлық бөлшектері, тігімдері мен элементтері анық көрсетілетін эскизін сыздан басталады. Бұйымның эскизі оның дайын болған күйінде қалай көрінетінін айқын елестетуге мүмкіндік береді.

Идея
Идея
Idea

Трансформер киімнің эскизі




Киім эскизін салу барысында оның функционалдық (техникалық) және эстетикалық талаптарға сай болуын есте сақтаған жөн.

Бұйым:

- өдемі, сән ағымына сай;
- қарапайым конструкциялы;
- денебітімге қонымды және адамның сыртқы келбетіне сай болуы;
- ұқыпты және сапалы орындалуы;
- экологиялық таза материалдардан жасалып, қолжетімді өзіндік құны болуы керек.

**Трансформер киім дайындау технологиясы.
Орамалдан жасалған кеудеше (топ)**


1-нұсқа



2-нұсқа



Орамалдан жасалған сөмке



Kariza белдемше-сарафаны



Kariza – бір-бірімен өзара тігілген екі жартылай шеңбер белдемше, әр белдемшенің өз радиусы болады.



Бұл трансформер Kariza деп оны ойлап тапқан адамның есімімен аталған. Ол Тынық мұхиты аралдарында болып, ондағы ашық бояулы және жібек матадан тігілген киімдер сәнімен шабыттанып, каризаны – көйлек-белдемше-парео-пончо және т. б. шығара бастады.

Үнді жібегінен тігілген көйлек түрлену қасиетінен басқа өте қызықты шығыстық суреттерімен ерекшеленеді.



Kariza белдемше-сарафаны. Пішім макетін жасау

Белдемшенің үстіңгі бөлігі бел айналымына оның жарты өлшемін қосқандағы өлшеммен есептеледі. Мысалы, егер бел өлшемі 70 см-ге тең болса, онда белдемшенің үстіңгі бөлігі $70 + 35 = 105$ см болады. Одан әрі қарапайым шеңбер-белдемше тәрізді пішіледі. Белдігі шамамен 3 м. Бұйым ұзындығы – қалауына қарай. Бұйымның екі еселенген ұзындығына бел айналымын (Ба) қосқандағы матаның көлемі алынады.

1. Бел айналымы мен бұйым ұзындығын (Ба және Бұ) өлшеңдер.



2. А4 парақ қағазды алыңдар.




3. Оны екі бүктеңдер.



4. Бүктелген парақты диагональ бойымен бүктеңдер.



5. Тағы бір рет диагональ бойымен бүктендер.



6. Бел айналымын есептендер.
Ба + 1/2 Ба.




7. Ба нүктесінен Бұ өлшендер.



8. Қиыңдар.



9. Үстіңгі белдемше пішімін Бұ 20–25 см-ге қысқартып (қалауы бойынша) осыған ұқсас жасаңдар.



11. Матаны таңдаңдар: оң және теріс жағы түсі мен қанықтығы бойынша қатты өзгешеленбеуі керек.



10. Мата көлемін есептендер.

1. Трансформерлік бұйым моделін таңдаңдар. Таңдаған бұйым эскизін салыңдар.
2. Графикалық құжаттама (сызба, пішім және т. б.) жасаңдар.
3. Бұйымды трансформациялаудың (өзгерту) технологиялық реттілігін құрыңдар.
4. Сыныпқа эскизді таныстырыңдар.



1. Ұсынылған идеялардың қайсысын өз трансформер бұйымдарыңды жасауға пайдаланғыларың келер еді?
2. Қандай трансформер бұйымдарды бұрыннан білесіңдер?

§ 10. МАТЕРИАЛДАР МЕН ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРДЫ ДАЙЫНДАУ

Бұйым эскизін жасап болған соң матасын дұрыс таңдау қажет. Көбіне табиғи материалдар таңдалады. Алайда олардың басты кемшілігі – қатты қыртыстануында. Қыртыстануын азайту және қасиеттерін жақсарту үшін табиғи талшықтарға синтетикалық қосындылар қосады.

Бұйымдарды тігу үшін заманауи және сапалы құрал-жабдықтар қажет. Олар: тігін мәшинелері, кестелеу құралдары, мата шетін торлауға арналған оверлок, үтіктеу құрал-жабдықтары және т. б.

Қазіргі заманғы тігін мәшинелері арнайы түйін және құралдармен жабдықталған, бұл тігінші жұмысын жеңілдетеді.

Барлық тігін мәшинелері әмбебап және арнайы болып бөлінеді. Олар үш жетекті: қол жетекті, аяқ жетекті, электрлі болады.



SIRUBA HSP-6854
тұрмыстық тігін мәшинесі



JACK JK-5559W шөлмекті
өндірістік тігін мәшинесі



BROTHER NV-900
кестелеу-тігін мәшинесі

Тігін мәшинелерінің түрлері

Тұрмыстық – күнделікті өмірде қажеттіліктерге пайдаланылады, үлкен көлемді материалмен және күнделікті ұзақ уақыт жұмыс жасауға арналмаған.

Электрлі-механикалық

Компьютерлендірілген

Кестелеуге арналған

Торлайтын

Мәшине тігімі
Машинная строчка
Sewing machine line

Өндірістік – үлкен тігін кәсіпорындарында және фабрикаларда өндірістік мақсатта қолданылады.

Киім тігуге арналған

Кестелеуге арналған

Арнайы

Үлбір тігуге арналған

Аяқ киім тігуге арналған

Кілем жиегін торлайтын, т. б.




Шөлмекті тігіс мәшинелері


Түзу тігімді

Ирек тігімді

Шөлмекті тігіс тігімі




Шөлмекті тігістің түзілуі




Жоғарғы және төменгі жіптердің керілуінің дұрыс реттелмеуінен мәшине тігімінде ақау пайда болады.

Мәшине тігімінде кездесетін ақаулар


Дұрыс тігілген мәшине тігімі




Үстіңгі жіптің іркілуі




Астыңғы жіптің іркілуі





Тығыз тігім



Бос тігім



Тігін мәшинесінің жұмысындағы ақаулар

№	Тігімнің графикалық бейнесі	Ақаулар	Түзету тәсілдері
1			
2			
3			
4			




Ақауы бар мәшине тігімдерінің үлгілерін қарастырыңдар. Тігін мәшинесі жұмысындағы ақау түрін және оны түзету тәсілдерін анықтаңдар. Мәліметтерді кестеге енгізіңдер.

Мата қиындысына тігім жүргізе отырып, жоғарғы жіптің керілуін ретке келтіру



1. Мата қиындысын екі бүктеп, табанмен бастырыңдар.
2. Тігім жүргізіп көріңдер.
3. Тігім сапасын бағалаңдар.
4. Қандай тігімнің іркілгенін анықтаңдар.
5. Ақауды түзетіңдер.
6. Жұмыстарыңның нәтижесі бойынша қорытынды жасаңдар.

Тігін мәшинелерінің тігімдері мен операцияларының танымал түрлері



Тігін мәшинесінің суретін қарастырыңдар. Мәшинемен орындалатын тігімдермен танысыңдар. Мәшине тігімдерінің бұл түрлерін қайда қолдануға болады?



Киімді әшекейлеуге арналған мәшине тігімдері дизайнердің қолында кез келген тоқыма матаны қайталанбас өнер туындысына, бірегей затқа айналдыруға мүмкіндік береді. Сәндеу киіміңізге қайталанбас стиль беріп, дербес өзгешеліктеріңізге баса назар аудартады. Киімді әрлеу үшін тігін фурнитурасы (жіптер, түймелер, сыдырма ілгек, зат-белгі, дублерин, флизелин, айылбастар, ілгектер, т. б.), пішуге арналған құрал-жабдықтар (инелер, қайшы), әрлеу материалдары (таспа, ызба, бау, шілтерлер, кестелеу, кестелеуге арналған жіптер, бисер, стеклярус, үлбір, былғары және т. б.) қолданылады (Қосымшаны қарау).



1. Әрлеу материалдарымен және түрлі фурнитуралармен сәнделген киім модельдерін қарастырыңдар. Модельдерде әрлеудің қандай түрі қолданылғанын анықтаңдар.
2. Киімге арналған әшекей эскизін жасаңдар. Сәндеуге қандай материалдарды пайдалануға болатынын ойластырыңдар.



1. Әшекейлеудің қандай тәсілдерін ұсына аласыңдар?
2. Бүгінгі күнде бұйымды әртүрлі материалдармен безендіру өзекті ме? Неліктен?

§ 11. ЖИЫНТЫҚ ҚҰРАСТЫРУ. БӨЛШЕКТЕРДІ ПІШУ. ЖЕКЕ БӨЛШЕКТЕРДІ ӨНДЕУ. БӨЛШЕКТЕРДІ БІРІКТІРУ ЖӘНЕ БҰЙЫМДЫ ӨНДЕУ. БҰЙЫМДЫ ӘШЕКЕЙЛЕУ

Жиынтық – әрқайсысы жиынтықтың құрамды бөлігі болып табылатын екі немесе одан да көп бұйымнан тұратын киім. Оны қосымша элементтер: аксессуарлар немесе бижутерия толықтырады.

Жиынтық
Комплект
Set



Тігін бұйымын дайындау барысында матаны дұрыс таңдау өте маңызды. Бұйымды пішу алдында *матаны дайындау* қажет:

1. Матаның оң бетін анықтаңдар.
2. Матада ақаудың бар-жоғын тексеріңдер.
3. Матаны декатирлеңдер.
4. Түкті матаның түгінің жату бағытын анықтаңдар (барқыт, шибарқыт, мақпал).
5. Сурет бағытын анықтаңдар.

Пішімді пішуге дайындаңдар:

1. Модель эскизіне сәйкес сызбаны модельдеңдер.
2. Пішімнің барлық бөлшектеріне атауын, бөлшек санын жазыңдар, бойлық жіп бағытын нұсқармен көрсетіңдер.
3. Әр қиықтың тігіске қосымша мөлшерін белгілеңдер (см есебімен).

ҚЕ

Тәжірибе жұмысының алдында матамен және тігін құралдарымен жұмыс істеу барысында сақталатын қауіпсіздік техникасы ережесін қайталау қажет.

1. Бұйымды пішуге дайындаңдар: ақауларын, бұйымның оң және теріс жақтарын анықтаңдар, ЫЖӨ жүргізіңдер.
2. Графикалық құжаттаманы қолдана отырып, бұйым бөлшектері мен бөліктерін пішіңдер. Бұйымды пішу барысында өңдеуге және біріктіруге қажетті қосымшаны ескеріңдер.
3. Өздерің таңдаған бұйымды мәшине тігістерінің біріктіру және шет тігісі түрлерімен орындау технологиясын сақтай отырып тігіңдер.
4. Тігін мәшинелерін қолдана және технологиялық реттілікті сақтай отырып, өзгертілетін бұйымның жеке бөлшектері мен бөліктерін өңдеу және біріктіру операцияларын орындаңдар.
5. Сәндеу үшін әрлеу материалдары мен фурнитураны қолданыңдар.
6. Тігу барысында қажетті құрал-жабдықтарды таңдай отырып, ЫЖӨ операцияларын орындаңдар.
7. Соңғы әрлеуді орындаңдар және шығармашылық жұмысты рәсімдеңдер.
8. Бұйымның өзіндік құнын есептеңдер.




Матаға пішім бөлшектерін орналастыру нұсқалары

1-нұсқа



Екі жартылай шеңберлі етіп (немесе енсіз матадан) пішілетін ұзын белдемше.

2-нұсқа



Пішу үшін матаны 2 қабаттап көлденең бүктеп жайған ыңғайлы.


Белдемшенің төменгі қиығын өңдеу

№	Орындау реттілігі	Графикалық бейнесі
1	Белдемшенің теріс жағына екі сызық; біріншісін қиықтан 4 см жоғары (төменгі қиықты бүгу қосымшасы 3 см + тігісті өңдеу қосымшасы 1 см); екіншісін – төменгі қиықтан 1 см шегіне жүргізіңдер.	
2	Белгіленген сызықтар бойымен ұзындығы 1–1,5 см түзу көктеу тігістерін жүргізіңдер.	


Белдемшенің төменгі қиығын өңдеу (жалғасы)

№	Орындау реттілігі	Графикалық бейнесі
3	Белгіленген сызықтар бойымен төменгі қиығын өңдеу үшін бүгілген шетінен 0,5–1 см шегіндіре отырып, қосымшаны көктеңдер. Сапасын тексеру: төменгі қиығын өңдеуге қосымшаның ені оның барлық ұзындығы бойында бірдей болуы керек.	
4	Қосымшаны 1 см-ге бүктеңдер және оны екінші белгіленген сызық бойымен бүктемеден 0,1–0,2 см-ге көктеп тігіңдер.	
5	Матаның түсімен түстес №№ 50–60 мақта жіптермен 1 см-ге 2–3 тігіс жиілігімен жасырын жапсыра тігіңдер. Инені матаға қосымша бүктемесінен 0,2–0,3 см шегіндіре енгізіңдер және осы шаншу деңгейінде негізгі мата қалыңдығының жартысын қамти отырып іліп алыңдар. Келесі тігістерді жасау кезінде инені матаға алдыңғы тігіс шыққан жерінен кіргізіңдер.	
6	Етектің бүктелген жиегінің тігісін теріс жағынан баса үтіктеңдер, уақытша тігімдерді алып, тігіс жатық болуы үшін тағы да баса үтіктеңдер.	


Белдікті белдемшемен қосу




1. Пішілген белдікті белдемшемен бірге өңін ішіне қаратып бүктеңдер. Қосып көктеп, бел қиығынан 1 см аралықта қосып тігіңдер. Қиықтарын белдіктің ішіне бүктеп үтіктеңдер.



2. Белдіктің бос шеттерін белдемшенің бүйір қиықтарына дейін өңін ішіне қарата сырып тігіңдер. Қысқа қиықтарында көлбеу тігімдерін жасаңдар; қосымшалардың артық қалдықтарын қиып тастаңдар.



3. Бос шеттерін бүктеп, белдікті теріс жағына қайырыңдар. Белдіктің ішкі жағының қиығын 1,5 см-ге бүктеңдер және қосып тігу тігісіне түйреп қойыңдар.



4. Белдікті бұйымның оң жағынан қосып тігу тігісіне жақын бастырмалап тігіндер, ішкі жарты бөлігін бірге алыңдар. Дайын бұйымның ЫЖӨ орындаңдар.



Бұйымның өзіндік құнын есептеу

Материалдың атауы	Өлшеу бірлігінің шартты бағасы	Бұйымға арналған материал шығыны	Материалдар шығыны
Барлығы:			

Жұмысты таныстыру және көрме ұйымдастыру



Дайын жұмысты көпшілікке (көрме, сән көрсетілімі және т. б.) таныстырыңдар.

1. Көрме немесе модельдер көрсетілімін ұйымдастыруға арналған орын мен жабдықтарды таңдаңдар.
2. Көрме немесе модельдер көрсетіліміне көрермендерді шақыру әзірлемесін жасаңдар.
3. Модель көрсетіліміне арналған бейне құрыңдар немесе көрмеге арналған қосымша материалдарды таңдаңдар.
4. Ұйымдастыру-техникалық сүйемелдеу жағын (музыка, интерактивті жабдықтар, т. б.) ойластырыңдар.
5. Көрсетілім барысында өз идеяларыңды және оны жүзеге асыру барысын жеткізе отырып, жұмыстарыңа түсініктеме беріңдер. Бұйымның әзірлемесін жасаңдар және тігудің барлық кезеңдерін бейнелейтін материалдарды (эскиздер, графикалық және технологиялық құжаттамалар, бұйымның өзгертілгенге дейінгі және кейінгі, бұйымдарды өзгертуді орындау кезеңдерінің фотосуреттерін) ұсыныңдар.
6. Бұйымның соңғы өзіндік құнын хабарлап, бұйымды таңдаудың дұрыстығы және оны жасаудың тиімділігі туралы қорытынды жасаңдар.
7. Көрмеге немесе модельдердің көрсетіліміне қатысқан көрермендерден сұхбат алыңдар немесе пікірін сұраңдар.
8. Жасалған бұйымның жағымды және жағымсыз жақтарын көрсетіңдер, яғни оның кемшіліктері мен жетістіктерін анықтаңдар.
9. Көрермендердің пікірін ескере отырып, бұйымның сапасы мен эстетикалық түрін жетілдіру мақсатында қай жерін өзгертуге болатынын көрсетіңдер.

1. Қандай жиынтық жасағыларың келер еді?
2. Бұйымды жасау барысында нені ескеру керек?
3. Бұйымды жасау үшін жұмысты неден бастау керек?



ТАМАҚТАНУ МӘДЕНИЕТІ

§ 12. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРЫ



1. Қазақ халқының ерекшелігі неде?
2. Қазақ халқының ұлттық тағамдарын атаңдар.
3. Қазақтың дастарқанына қандай тағамдар тән?



Қонақжайлылық
Гостеприимство
Hospitality

Ұлттық тағам – кез келген халықтың мәдениет компоненттерінің бірі. Мұнда оның өзіндік ерекшелігі, ұлттық сипаты мен тарихы көрініс тапқан. Сонымен бірге түрлі халықтардың дәстүрлі тағамдары әртүрлі болғанына қарамастан, адам ағзасын құнарлы тағаммен барынша толық қамтамасыз ету үшін олардың әрқайсысы көптеген ғасырлар бойы дамып, өмір жағдайына, нақты табиғи және климаттық жағдайларға тиімді бейімделгенін түсінген жөн.

Дәстүрлі тағамдар сипатын анықтайтын бірнеше негізгі факторларды: табиғи ресурстар, климаттық жағдай, елдің географиясы, халықтың өмір салты (жұмыстың дәстүрлі түрі), діни наным, көрші елдердің әсерін атауға болады. Жағалау аумағында тұратын халықтар негізінен теңіз өнімдерінен тұратын тағамдармен, оңтүстік аумақтарын мекендейтін халықтар – жемістер және көкөністермен тамақтанды.

Аспаздық, мерекелік дастарқанның халықтық дәстүрлері – ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі. Қазақстан Республикасында 130-дан астам ұлттар тұрады. Әр халықтың аспаздық құмарлығы ғасырлар бойы қалыптасып, дағдыға айналып, ұлттық әдет-ғұрып негізін қалыптастырған.

Қазақ халқының ұлттық дастарқаны табиғи өнімдерден тұрады. Ірімшік, жент, балқаймақ, сары май, қымыз, шұбат, наурызкөже, қазы, қарта, жал, жая, сүр ет, ысталған ет, құйрық-бауыр, шөлпек, бауырсақ, қазақша ет, қуырдақ – *қазақтың ұлттық тағамдары* тізімінің бір ғана бөлігі.

Ашытқылы қамырды дайындау технологиясы

Ашытқылы қамырды екі тәсілмен дайындайды: ашытпамен және ашытпасыз. Ашытпа тәсілді дәмділенген қамырды дайындағанда қолданады.

Ашытпа – сұйық қамыр. Оны дайындау үшін үлкен көлемде сұйықтық (сүт немесе су), ұнның 1/4 бөлігі және рецептіде берілген ашытқы алынады. Содан соң оның негізінде қамыр иленеді.

Ашытқылы қамырға арналған ашытпа дайындау



1. Ашытқылы қамыр дайындау үшін сұйықтық температурасы қандай болуы керек деп ойлайсыңдар?

2. Ашытқылы қамыр дайындаудың технологиялық үдерісіне тәжірибе жасаңдар. Ашытқы қамыр дайындау үшін:

- салқын сұйықтықты;
- жылы сұйықтықты;
- ыстық сұйықтықты қолданыңдар.

3. Ашытқы қандай күйге түседі? Сұйықтық қандай температурада болғанда ашу үдерісі тиімді әрі жылдамырақ болады?



1. Ашытқылы қамырдан өнім дайындау технологиясын зерделеңдер.
2. Өз таңдауларың бойынша ұннан жасалатын бір тағамды дайындаңдар.
3. Дайындалған тағамдардың дәмдік сапасы мен олардың дайындау барысымен өзара байланысын анықтаңдар.

Қазақтың ұлттық асханасында көпшілік біле бермейтін тағамдар жеткілікті. Оларды дайындау тәсілі алыс ауылдарда немесе Қытай мен Монғолияда тұратын қазақтарда сақталған.

Дәстүрлі қазақ тағамдары ет және сүт өнімдерінен дайындалады. Кейінірек бұл тізімге көкөністер, жемістер, балық, теңіз өнімдері, ұн өнімдері мен тәттілер қосылды.


Қазіргі тағамдар көнеден келе жатқан және қазіргі ұлттық тағамның әзірлеу технологиясының тоғысу жолымен дайындалады. Олар асүйдің техникалық жабдықталуымен, құрал-жабдықтарымен, ыдыс-аяғымен, сонымен қатар ұйымдастырылуымен ерекшеленеді. Мұнымен бірге қазақ халқының дәстүрлері мен ұлттық әдет-ғұрыптары сақталған.



Бауырсақ

Ыдыстар мен құрал-жабдықтар: таба, тегеш, оқтау, пышақ, кепсер.

Азық-түлік мөлшері: қамыр дайындау үшін: 700 г ұн, 10 г құрғақ ашытқы, 1 стақан сүт, 50 г өсімдік майы, 0,5 шайқасық тұз, 1 асқасық қант; қуыру үшін: өсімдік майы.



Бауырсақ – қазақ халқының дәстүрлі ұн өнімі. Бауырсақты әдетте ашытылған немесе ашытылмаған қамырдан, шағын дөңгелек немесе ромб тәрізді турап, қазандағы қыздырылған майға пісіреді. Ашытылған қамыр дайындау сыры ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келеді. Ата-уының өзі қазақ тілінде «бауырласу, бауыр» деген сөзден шыққан. Бауырсақ дөңгелек немесе төртбұрыш түрінде майға пісірілген түркі халықтарының дәстүрлі наны болып саналады. Қамырға қосылған ингредиенттердің түріне қарай рецепт қай халыққа тиесілі екенін ажыратуға болады. Сүзбе салып пісірілген түрлері де болады. Бауырсақ шайға және күнделікті тамаққа, мерекелік жеке тағам ретінде де ұсынылады.

Қазақша самса

Ыдыстар мен құрал-жабдықтар: таба, тегеш, оқтау, пышақ, тұмшاپеш, қаңылтыр таба.

Азық-түлік мөлшері (10 самсаға): 350 г туралған ет, 1 түйір пияз, 2 стақан ұн, татымына қарай дәмдеуіштер, тұз.

Қазақша самсаға қамырды ашытпасыз тәсілмен, сонымен қатар сүт, қаймақ, айранға ас содасын немесе қамыр қопсытқышын қосып дайындауға болады. Салындысы – туралған ет пен пияз болғаны дұрыс.



Қазақ халқының дәстүрі бойынша шайды қонаққа кесеге жартылай құйып береді. Ертеуіне дейін құйылған шай үй иесінің қонақты мейлінше тез шығарып салғысы келетінін білдіреді.

Францияда тамақты асығыс ішу мәдениетсіздікке жатады. Егер тамақты асығыс ішіп, асқазанды толтырып жатсаңыз, айналадағылар сізге жиіркене қарайтын болады.

Кореяда асты үстел басындағы жасы үлкен адамнан бұрын ешкім бастамайды.

Италияда ірімшікті қосымша салып жеу – әдепсіздік. Бұл аспазды қорлаумен тең.

Ұлыбританияда көжені ыдыстан қасықты өзіңе қаратып көсіп алу әдепсіздікке жатады.

Нигерияда балаларды тауық жұмыртқасымен тамақтандырмайды, себебі болашақта ұрлықшы болуы мүмкін деп саналады.

Ямайкада тілі шықпаған балаларға тауық етін бермейді. Тауық етін жеген баланың тілі енді ешқашан шықпайды деген қауесет бар.

Қытайда тамақ ішу барысында кеспені кесуге болмайды. Ұзын кеспе – ұзақ ғұмырдың белгісі іспетті. Егер адам кеспені кесетін болса, бұл оның өмірін қысқартумен тең деп есептеледі. Тамақ ішуге арналған таяқшалармен біреуге сілтеуге болмайды. Бұл әдепсіздікке жатады.

Германияда нан – тамақ қабылдау барысында қолмен алуға болатын жалғыз тағам.

1. Ұлттық тағамдардың ерекшелігі неде деп ойлайсындар?
2. Үйлеріңде қандай ұлттық тағамдарды дайындайды?



§ 13. ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ АСХАНАСЫ (ӨЗДІГІНЕН ІЗДЕНІС ЗЕРТТЕУЛЕРІ)

Жер бетіндегі әрбір ұлттың дәстүрлі тағамдары, сонымен қатар өзіне тән, басқалардан ерекше асүй айырмашылықтары бар.

Орыс халқының асханасы



Көріс халқының асханасы



Өзбек халқының асханасы



Украин халқының асханасы



Қырғыз халқының асханасы



Испан халқының асханасы



Әлемнің ұлттық тағамдарының арасындағы айырмашылық неде?

Дәстүрлі
Традиционный
Traditional



Түрлі ақпарат көздерін пайдалана отырып, өздігінен Еуропа, Азия, ТМД елдері (таңдау бойынша) халықтарының аспаздық артықшылықтары туралы мәлімет жинақтаңдар.

1. Тағамның атауына, оның пайда болу дәстүріне, ұсыну тәсілдеріне, қолданылған азық-түліктер мен олардың үйлесімділігіне, дәмдік ерекшеліктеріне назар аударыңдар.
2. Түрлі халықтардың тамақ ерекшеліктерін және әлемнің белгілі аспаздарын сипаттаңдар және салыстырыңдар.
3. Таңдап алынған елдің аспаздық рецепттері жинағын (буклет, анықтамалық және т. б.) құрастырыңдар.
4. Тағамның ұлттық компоненттерінің халықтың өмір салтымен өзара байланысын аша отырып, өздерің ұнатқан тағамдардың таныстырылымын дайындаңдар.

1. Тамақ рецептісін таңдаңдар.
2. Оның негізгі ингредиенттерін атаңдар.
3. Дайындау технологиясын зерделеңдер.
4. Тағам дайындау барысында қажет болатын ыдыстар, құрал-жабдықтарды атаңдар.
5. Тағам жасау барысын баяндаңдар.
6. Жұмыстың қауіпсіздік техникасы ережелерін еске түсіріңдер.



Әр ұлттың тағамдары негізіне өздеріне тән азық-түліктері (ет түрлері, көкөніс, жеміс-жидектер, дәмдеуіштер, т. б.) және оларды өңдеу тәсілдері жатады.

Орыс халқының дәстүрлі асханасына жармадан жасалған тағамдар: түрлі ботқалар, көмештер, ірімшік, жұмыртқа қосылған қарақұмық ботқасы, сұлыдан жасалған құймақ және кисель, бұршақ пен жасымықтан әзірленген тағамдар тән. Сондай-ақ, орыс халқының тамақтануында қаусырма, бүкпелер, кулебяка, расстегай, құймақ түрлері және т. б. ерекше орын алады.

Украин халқының асханасы әрқашан өртүрлілігімен және дайындалуымен ерекшеленген. Таңғы, түскі және кешкі ас бір уақытта пеште пісірілген, пеш жылуында бұқтырылып қойылған. Жиі қолданылатын азық-түліктерге доңыз майы (сало), шошқа еті, қызылша, бидай ұны, жұмыртқа жатады. Борщ, ботқа, субүйрек пен картоп украин дастарқанының негізгі асы болып табылады.

Өзбек халқының асханасы ингредиенттердің бірегей жиынтығымен және мыңжылдықтар бойы кемеліне жеткізілген азық-түліктерді өңдеу, тағам әзірлеу тәсілдерімен танымал. Сонымен қатар, өзбек халқының асханасында тұздалған, маринадталған өнімдер, қақталған және кептірілген ет пен жеміс-жидектер ерекше орын алады.

Қырғыз халқының асханасына түрлі ет, сүт және ұн тағамдары тән. Ет тағамдарын әзірлеу үшін еттің түр-түрі: жылқы, қой, қара мал, құс, сондай-ақ жабайы аңдардың – тау ешкісі, елік еті қолданылады. Ет өнімдерін жылумен өңдеудің ең көп тараған тәсілі – қайнату.

Кәріс халқының асханасы әлемдегі ең пайдалы асханалардың бірі болып саналады. Кәріс халқының асханасы бұршақ тұқымдастарды (соя, мунг бұршағы (маш), адзуки және үрме-бұршақтың басқа да түрлерін) және соя өнімдерін (соя сүті, тофу, окару, соя тұздығын) көп қолдануымен танымал.

Бір шикізаттан түрлі ұлт аспаздары жылумен өңдеудің түрлі тәсілдерін (қайнату, бұқтыру, көмештеу), түрлі ошақтарды (ашық от, пеш) қолдану арқылы түрі, дәмі және хош иісімен бір-бірінен ерекшеленетін тағамдар әзірлейді.

1. Қандай ақпарат сендерге пайдалы болды?
2. Қай елдің асханасы көбірек ұнады?
3. Тақырыпты зерделеу барысында алған білімдерің болашақта қажет бола ма?



§ 14. ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАҒАМДАРЫ. ТӘЖІРИБЕ ЖҰМЫСЫ (СУШИ, ПИЦЦА, КӨЖЕ)

Тағам дайындау технологиясы. Суши



Сушиді бейнелейтін Қытай иероглифі «маринадталған балық» дегенді білдіреді.

Сушидің пайда болу тарихы балық етін дайындау және консервілеу үшін пісірілген күрішті қолданған Оңтүстік Азиядан бастау алады. Тазартылып, ұсақ туралған балыққа тұз себіліп, күрішпен араластырылады да, бірнеше күннен кейін қақпақпен ауыстырылатын ауыр тастың астына баспақталып қойылады. Бірнеше ай аралығында жүзеге асырылатын балық пен күріштің сүт қышқылды ферменттелуі барысында балық жыл бойына тұтынуға жарамдылығын сақтайды. Жағымсыз иісті желім тәрізді қоспаға айналған күріш лақтырылған немесе балықтың жаңа партиясын дайындау үшін қолданылған. Шамамен VII ғасырда Қытай және Таиланд арқылы консервілеудің мұндай тәсілі Жапонияда да кеңінен тарады.

Пицца





Пиццаның отаны ретінде дәстүрлі түрде Неаполь саналады. Шындығында, қамырды қызанақпен, ірімшікпен және өзге де азық-түліктермен бірге пісіру ең алғаш кімнің ойына келгенін анықтау мүмкін болмады.

Пицца – таңертең кедейлер жейтін дөңгелек жұқа шелпек. Әр үйде, тіпті тұрмысы төмен үйдің өзінде, ошақ немесе тас тұғырлы кішкене пеш болатын. Тастың үстінде қамырдан жасалған шелпек – пицца негізі кептірілетін де, оның үстіне салындысы салынатын. Бәрі шапшаң пісіріліп, ыстық күйінде үстелге әкелінетін, салқын пиццаны итальяндықтар ұнатпайды.

Уақыт өтті. Итальяндық кедейлердің ойлап тапқан қарапайым тағамы баяғыда-ақ бүкіл әлемге тарап кетті. Англия, Голландия, Швейцарияда арнайы пиццериялар ашылған. Францияда пиццаның жартылай дайын өнімін аспаздық дүкендерден сатып алуға болады. Итальяндық пицца Қазақстанда да кеңінен тараған.

Кеспе көже

1



2



3



4



5



6



7



8



Наурыз көже – Наурыз мейрамының басты тағамы. Бұл міндетті түрде құрамына бақыт, сәттілік, даналық, денсаулық, байлық пен берекені білдіретін, өмір бастауын бейнелейтін жеті тағам: су, ет, тұз, май, ұн, сүт, тары (күріш, бидай, жүгері) кіретін дәстүрлі көктемгі көже.

Наурыз көжені дайындау тәсілдері өте көп: әр отбасында бұл тағамды дайындаудың өз рецептісі бар. Оған қосылатын азық-түлік те әркімнің талғамына байланысты болып келеді. Бастысы, оның құрамындағы ингредиенттері жетеуден кем болмауы керек.

Дайын тағамның таныстырылымы

Сыртқы түрін жинақтағы (буклеттегі, анықтамалықтағы) суретпен салыстыра отырып, әзірленген тағамдарыңды көрсетіңдер.

Азық-түліктерді өз беттеріңше алмастыру тамақтың сыртқы түрі мен дәмдік сапасына қалай әсер еткендігі туралы түсініктеме беріңдер.

Дәмдік сапасы мен дайындау барысының өзара байланысын анықтай отырып, дайын тағамның дәмін татыңдар.



Халықтардың аспаздық өнері ғасырлар бойына қалыптасқан, сол халықтардың шығармашылық жұмыстарының жемісі.

Халық асханасы – оның мәдениетінің бір бөлшегі. Әдебиет, кескіндеме, музыка мен поэзия тәрізді аспаздық та тарихи күрделі даму жолынан өткен. Ол әртүрлі ағымдар мен бағыттардың өсері мен көрші халықтардың, ұлттардың асханасы ықпалына түсті.

Байырғы халықтардың көне асханасы ұзақ дамыды. Уақыт өте келе ол өз алдына қазіргі заманғы ғылыми жетістіктерді жинақтаған таңдаулы аспаздық өнерге айналды. Өркениеттің дамуымен қатар ертеден келе жатқан кәсіптердің бірі – аспаз мамандығы пайда болды. Адамзаттың ерте дәуірлерінен бүгінгі күнге дейінгі даму тарихы аспаздық өнердің кенет шарықтауы мен күрт төмендеу кезеңдерін бастан кешірді. Асқа бірде рақат алатын дүние деп көкке шығарса, бірде жиіркенішпен де қараған кездер болған.

Бүгінгі күні аспаз мамандығы – абыройлы әрі сұранысқа ие. Әйгілі аспаздардан қарапайым ас шеберлері үлгі алады. Бұл аспаздар телевизиялық шоу, шеберлік сабақтарын өткізеді, олар туралы кино түсіреді. 20 қазан – Халықаралық аспаздар күні.



Әлемге әйгілі аспаздар

Ален Дюкасс, Франция. Бұл француз гастрономияға тәжірибесіз жасөспірім кезінде шет аймақтан келген. Дюкассқа еңбексүйгіштігі мен қиялы табысқа жету жолында барлық қиыншылықтардан өтуге мүмкіндік берді. Оның империясында 11 тақырыптық концепт-мейрамхана, жоғары класты бірнеше шағын дәмхана, «Б. Е.» фаст-фуд желісі мен аспаздық өнер мектебі бар. Данышпан аспаз сирек кездесетін және ұмыт қалған рецептермен жұмыс жасауға маманданған.



Гордон Рамзи, Ұлыбритания. Болашағы жарқын аспаз 1998 жылы империясының кең өріс алуының бастамасы болған Gordon Ramsay at Royal Hospital Road атты мейрамханасын ашқан. 14 кітабында аспаз өз шеберлігімен бөлісті. Бас аспаз телевизияда «Рамзидің асүйдегі сұмдықтары», «F әрпінен басталатын сөз», «Асүйдегі қиындықтар» және «Қайнау шегі» атты мамандандырылған және рейтингілік телешоу жүргізу арқылы әлемге танымал болды.

Вольфганг Пак, Аустрия. Ол аспаздық шеберлікті кондитер болып қосымша жұмыс істеп жүрген анасынан үйренген. 1973 жылы ол Құрама Штаттарға көшіп барып, онда өзінің «Спаго» мейрамханасын ашты. Вольфганг Пактың Америка асханасындағы қазіргі француз аспаздығы туралы кітабы атағын шығарды. Қазіргі уақытта аспаз он жылдан бері Оскар салтанатын қорытындылайтын, салтанатты кешкі ас ұйымдастыратын компания ашқан.



Ферран Адриа, Испания. Адриа өз мансабын Каталония мейрамханаларының бірінде ыдыс жуушы болып бастаған. Бірегейлік пен біртумалық Ферран Адрианың ұраны деп айтуға болады. Оның рецептілері дәм мен түйсіктің үйреншікті схемасын өзгертті. Ол оп-оңай: тәтті мен ащының, қатты мен жұмсақтың, ыстық пен салқынның жаңа үйлесімін жасай біледі. Сондықтан Ферран Адрианы асхана саласының ғалымы деп атайды.

Нобуюки Нобу Мацухиса, АҚШ. Аспаз фьюжн-тамағы арқылы әлемге танымал болды. Онда негізінде перу және аргентина асханасында кездесетін Оңтүстік Америка ингредиенттері мен классикалық жапон тағамы тамаша үйлесім тапқан. Бас аспаз екі кітап жазып шығарды. Нобу рецептті қайталап жасауға болатынын, ал жүрекпен жасалған тағамды қайта жасау мүмкін емес деп есептейді. Кейін ол өзінің аспаздық құпиясымен бөліседі.



Джейми Оливер, Ұлыбритания. Аспаз сапалы және дәмді тағам әсемдеусіз де керемет болатынына, аспаздың қосымша өңдеуін қажет етпейтініне адамдардың көзін жеткізе білді. Джейми Оливер басқа елдерде 4 филиалы бар «Fifteen» мейрамханасында өзінің аспаздық үздік туындыларын ойлап шығарады. Аспаз және тележұлдыз әртүрлі телешоуларға түсіп, 10 кітап шығарды.

Александр Трегубенко, Қазақстан. Ол мансабын асүйде ыдыс жуудан бастаған. Көп кешікпей, аспаздық дағдысы қалыптасқан соң, көуапшы болып, ал училищені бітірген соң аспаз болып жұмыс істеді. Содан соң аспаз алжапқышын банк менеджерінің костюміне алмастырды. Бірақ қайтадан асүйге оралып, мейрамхананың бас аспазына дейін көтерілді. Уақыт өте келе ол өз жобасын – кейтеринг жөніндегі агенттігін (үйге барып қызмет көрсету) ашты. Ол кезеңде Қазақстанда аспаздардың үйге келіп қызмет көрсетіні көпшілікке бейхабар болатын. Сонымен қатар өз мейрамханасын ашуды армандайтын қонақтарға кеңес бере бастады.



Қазақстанда тағамға деген көзқарас жоғары, жалпы тағамға құрметпен қарайды. Тағам дайындайтын адамды бағалап, құрметтейді. 2005 жылы Қазақстанда ҚР аспаздарының қауымдастығы (2015 ж. – Қазақстан аспаздарының ұлттық қауымдастығы), 2006 жылы – Бас аспаздардың қауымдастығы ұйымдастырылды. Қазіргі күні оның мақтанышпен айтатындай көптеген жетістіктері: аспаздық конгрестер, шеберлік сабақтары, әртүрлі оқу бағдарламалары жүйелі түрде жүргізіледі. 2010 жылдан бері Қазақстанның бас аспаздар қауымдастығы әлемнің әртүрлі елдеріне барып, көптеген марапаттар: 20 алтын, 40-қа жуық күміс және көп мөлшерде қола медальдар мен жүлделерге ие болды.



2013 жылы қазан айында Алматыда Қазақстан аспаздарының қауымдастығы мен Қазақстан бас аспаздары қауымдастығы қамқорлығымен алғашқы халықаралық аспаздар фестивалі өтті.

2015 жылдан бастап Қазақстанда бас аспаздар чемпионаты – «ШЕФ BATTLE» жүйелі түрде өткізілуде.



ТҰРҒЫН ҮЙ МӘДЕНИЕТІ

§ 15. ТҰРМЫСТЫҚ ТЕХНИКАНЫ ТАҢДАУ. ТҰРМЫСТЫҚ ТЕХНИКАНЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ



1. Тұрмыстық техника құралдарын қарастырыңдар. Олардың атауларын жазып алыңдар. Оларды қандай топтарға бөлуге болады?

2. Үйлеріңде қандай тұрмыстық техника бар? Қандай техникасыз-ақ амалдай алар едіңдер?

Тұрмыстық техника
Бытовая техника
Household appliances

1. Тұрмыстық техниканың бір құралын таңдап алыңдар.
2. Оны зерделендер және пайдаланымдық сапасы мен тұрмыста қолданудың қауіпсіздік ережелерін бағалаңдар.
3. Таңдауларыңды дәйекті түрде дәлелдей отырып, осы ақпаратпен сыныпты таныстырыңдар.



Тұрмыстық техника – күнделікті өмірде пайдаланылатын техника. Олар күнделікті өмірде жайлылық жасау, үй шаруасының жұмысын жеңілдету үшін жасалған.

Көбіне ол адамның орнына барлық жұмысты орындайды. Тұрмыстық құралдар мақсатты қолданылуына қарай жіктеледі.

Өлшеу құралдары

Өртүрлі параметрлерді өлшеуге арналған негізгі ұсақ техникалар:

- асүйлік таразы (тостағанымен, жалпақ, дәл салмағын анықтау үшін графин түрінде, бекітпелі ілгішімен аспалы);
- адам салмағын анықтауға арналған еденүстілік таразы. Салмағы 10 кг-ға дейінгі балаларды өлшеу үшін кюветі бар арнайы таразы қолданылады.
- безбен таразы үйден тысқары жерде (балық аулау, саяжай, базарда) қолданылатын қарапайым серіппелі;
- сағат (еденүстілік, үстел, алауошақ үстіне қойылатын);
- оятқыш сағат;
- дене температурасын, бөлме және көше ауасын, су температурасын өлшеуге арналған термометр.

Есептеу техникасы

Қазіргі дамыған заманда адам өзін бұл техникасыз елестете алмайды. Оларға:

- калькулятор (есептеуге арналған шағын құрылғы);
- смартфон (шағын компьютер түріндегі функционалды ұялы телефон);
- планшет және дербес компьютерлер;
- ноутбуктер жатады.

Асүй техникасы

Қолданылуына қарай бірнеше топқа бөлінеді.

Азық-түлікті сақтауға арналған техника. Тоңазытқыш – азық-түліктерді қысқа уақытқа сақтауға арналған. Мұздатқыш – азық-түлікті мұздату, қатыру арқылы ұзақ мерзімді сақтауға арналған.

Механикалық өңдеуге арналған техника. Миксер сұйық қоспаларды тез араластыруға мүмкіндік береді. Ол сусын, крем, езбе, қамыр дайындау үшін пайдаланылады. Блендерді пайдалану арқылы неғұрлым тығыз және қатты өнімдерді ұнтақтауға болады. Еттартқышпен тартылған ет, фарш дайындалады. Асүй комбайны барлық жұмысты бір өзі атқара алады.

Термиялық өңдеуге арналған техника. Оған электр немесе газ плитасы кіреді. Индукциялық ток арқылы арнайы ыдысты ысытатын индукциялық плиталар кеңінен қолданылады. Пісіру үшін әртүрлі режимдерін пайдалануға мүмкіндік беретін тұмшапеш қолданылады.

Көп функциялы қысқа толқынды пештер, нан пісіретін пеш, әмбебап ас пісіргіш (мультиварка), бумен пісіргіштің арқасында дәмді, құнарлы тағамдар әзірлеуге болады. Қажетті ингредиенттерді салған соң режимін орнатып, батырмасын бассаңыз жеткілікті.

Сонымен қатар тұрмыстық құралдарға:

- гриль-қақтағыш (істік немесе торда ет қуыру үшін);
- аэрогриль-ыстық ауа арқылы қақтағыш;
- қуырма ыдыс (азық-түлік ыстық майда пісіріледі);
- тостер-жұқа нан тілімдерін кептіргіш;
- вафель қалыбы;
- құймақ пісіретін;
- йогурт жасағыш және т. б. жатады.

Сусын дайындауға арналған құралдар. Кофеқайнатқыштың көмегімен кофе ұнтақтағышпен ұнтақталған дәннен шынайы дәмді кофе қайнатуға болады. Кофемәшине көп функциялы құрал болып саналады. Суды қайнатуға, шай демдеуге электр шәйнек қолданылады. Дәрумен қосылған коктейль мен шырын дайындау үшін шырынсыққыш қажет болады.

Қосалқы техника

Ыдыс жууға ыдыс жуатын мәшине көмектеседі. Иіс, түтін, булануды болдырмау үшін асүйге плитаның жоғарғы жағына ауаны сорып алғыш орнатылады. Су жылытуға электр су жылытқыш қолданылады.

Үйді жинауға арналған техника

Үйді тазалауға арналған негізгі құрал – шаңсорғыш. Оның қосымша жуатын қызметі де болуы мүмкін. Кафель, шүмек, шыны бетінің әртүрлі ластануын (май, зең, шаң) сүрту үшін химиялық қоспасыз бумен тазартқыш, тіпті булы швабра шығарылуда.

Киім күтіміне арналған жабдықтар

Киімді таза ұстау үшін келесі «көмекшілер»:

- киім және басқа да тоқыма бұйымдарын жуу үшін кір жуғыш мәшине;
- кептіргіш мәшине;
- үтіктеу тақтасы;
- үтік;
- тігін мәшинесі;
- аяқ киім кептіргіштер қолданылады.

Жайлы жағдай жасауға арналған техника:

- салқындатқыш (жылытады, салқындатады және ауаны тазартады);
- тазартқыш (ауаны тазартады);
- жуғыш және әуе ылғалдандырғыш (тазартады және ылғалдандырады);
- жылыту радиаторлары (ауа температурасын жоғарылатады);
- желдеткіштер (үрленген ауа ағынын шығарады);
- ауа ионизаторы (ауаны тазалайды);
- ауа райын болжау станциясы (микроклиматтың негізгі параметрлерін өлшейді және көрсетеді).

Климаттық техника құралдарының көбі бірнеше қызмет атқарады. Мәселен, тазартқыш пен ылғалдандырғыш, ионизаторы бар желдеткіш және т. б.

Сыртқы келбетке күтім жасауға арналған шағын тұрмыстық техника

Шашты ретке келтіру, кептіру және сәндеу үшін фен, шаш бұйралайтын қысқаш, шашты түзулеу үшін үтік қолданылады. Ваннадан ирригаторлар (электр тіс щеткалары) және массажер, электр ұстараны табуға болады.

Демалуға және көңіл көтеруге арналған техника

Жоғарыда аталған үй техникасының арқасында бос уақыт қалады. Бос уақытты музыка тыңдап, ұнайтын бағдарламаны немесе фильм көріп өткізуге болады.

Осы мақсатқа арналған келесі техникалар бар:

- музыкалық центр (өртүрлі тасымалдағыштарды ойнатады);
- плеер (аудио және бейне файлдарды ойнатады);
- DVD-күйтабақ ойнатқыш (DVD-дискілерді оқиды және ойнатады);
- теледидар;
- ойын приставкасы;
- радиоқабылдағыш.

Неғұрлым күрделі жүйеге үй кинотеатры мен акустикалық аппаратура жатады. Жағымды сәттерді есте қалдыру үшін бейнекамера мен фотоаппарат қолданылады. Арақашықтықтан хабарласу үшін телефон көмектеседі.

Тұрмыстық техникаға қойылатын талаптар

Пайдалану мерзімі – тауардың өздерінің негізгі қызметін орындайтын аралықтағы пайдалану ұзақтығы.

Эстетикалық қасиеттері – тауардың адамның эстетикалық қажеттілігін қанағаттандыру қасиеті.

Экологиялық қасиеттері – тауарды пайдалану немесе тұтыну барысында оның қоршаған ортаға зиянды әсер тигізбеу қасиеті.

Қауіпсіздік – тауарды пайдалану немесе тұтыну барысында тұтынушының өміріне, денсаулығына және мүлкіне қауіп-қатердің болмауы.

1. Қолданылу саласы бойынша тұрмыстық техниканы жіктеңдер.
2. Тұрмыстық электр құралын пайдалануға арналған нұсқауларды жазыңдар.
3. Тұрмыстық техниканы пайдалану ережелерін құрыңдар.



Электр арқылы жылу беретін құралдар алғаш рет XIX ғасырдың соңында пайда болды. 1905 жылы үлкен шекті кедергіге ие және ұзақ уақыт жоғары температураны балқымай немесе қышқылданбай ұстап тұруға қабілетті никель, хром және темір қоспасы – нихромның пайда болуынан кейін кеңінен тараған.

Әрбір электр құралының кернеуі, қуаты, стандарт нөмірі, шыққан жылы, жасап шығарушының аты көрсетілген техникалық төлқұжаты, сонымен қатар пайдалану ережесі, құралға күтім жасау ерекшеліктері, ықтимал ақаулары мен олардың алдын алу тәсілдері, кепілдікті міндеттемелер көрсетілген қолдану бойынша нұсқаулығы болады.



«Тұрмыстық электр құралдары» тақырыбына сөзжұмбақ құрастырыңдар.

1. Электрқұралдары өмірімізді жеңілдетеді ме?
2. Қалай ойлайсыңдар, бүгінгі күні тұрмыстық техникасыз амалдауға бола ма? Неліктен?
3. Қолданыстағы тұрмыстық техниканы жетілдіргілерің келер ме еді? «Болашақ техникасын» салыңдар.



§ 16. ӘШЕКЕЙ, ИНТЕРЬЕР ЭЛЕМЕНТІ РЕТІНДЕГІ ӨСІМДІК



1. Эстетикалық қабылдау мен түстік үйлесімділікті сипаттай және бағалай отырып, интерьер суреттемелерін салыстырыңдар.

2. Үйлесімді таңдалған бөлме өсімдіктері түрлі стильдегі интерьер дизайнын айрықша көрсетеді ме?

Интерьер
Интерьер
Interior

Адамдар өсімдіктер өсірумен ежелден бері айналысып келеді. Мысыр пирамидаларында фикус, құрма ағашы, ақгүл және басқа да сәндік өсімдіктердің тұқымдары мен жапырақтары табылған.



Өсімдіктерді интерьерде орналастыру тәсілдері

Дара өсімдіктер



Гүлсауыт өсімдіктерінен жасалған композиция



Террариум



Бөлме бағы



Еденде, үстел үстінде, үйкекте



Бөлмені безендіру үшін үйде өсетін өсімдіктерді таңдамас бұрын олардың міндетін, жалпы безендіруді, сонымен қатар терезелердің саны мен орналасуын ескерген жөн. Өсімдіктер жиһаздармен, бөлменің түстік шешімімен үйлесімді болуы керек. Сонымен қатар оларға жайлы жағдай жасалуы қажет. Осындай жағдайда ғана гүлдер біздерді қуанытып, үйімізде ерекше микроклимат туғыза алады.

Бөлме гүлдерін үш топқа бөлуге болады: *жарықсүйгіштер* (кактустар, колеустар, эвкалиптер); *көлеңкеге төзімді өсімдіктер* (қырыққұлақтар, шырмауық, бөлмелік жүзім (циссус) және орташа жарықты қажет ететін өсімдіктер – *көлеңкесүйгіштер* (бегониялар, жауқазындар, традесканциялар).

Өсімдіктерді орналастыру кезінде олардың сәндік-көркемдік құндылығы мен өзіндік ерекшелігін ескерген жөн.

Бөлмені гүлдермен безендіру арқылы кеңістікті визуалды түрде кеңейтуге және үлкейтуге, бөлмені түрлі функционалды аймақтарға бөлуге болады. Интерьерде бөлмелік өсімдіктер мен табиғи материалдардан жасалған бұйымдар (қабырғаға ілетін кашпо, картиналар, панно) жайлы жағдай жасап, үйге ерекше сән береді.

Минимализм және қарапайымдылық – бөлмені өсімдіктермен безендіру кезінде ұстанатын ең негізгі ережелер.

Интерьерді безендіру үшін бөлме өсімдіктері немесе тірі гүлдер ғана емес, сонымен қатар қураған бұтақтар мен жапырақтар, бонсай қолданылады.

Бонсай жапон тілінен аударғанда «подноста өсетін өсімдік» деген мағынаны білдіреді.

Ерекше керамикадан жасалған жайпақ тәрелкеде әсем құрастырылған аласа ағаштар интерьерді безендіріп, ауаны тазартады, таптырмас сыйлық болады.

Аласа ағаштар – бонсай



Аласа ағаштар өсіру өнері 2 000 жылдан астам уақыттан бері бар және әлі де сәнді болып саналады.

Бонсай Жапон еліне Қытайдан келген. Императорлардың бірі кезінде өзінің кеңесшілеріне жеке бөлмеде өз империясының барлық өзен, тау, қала, тіпті ағаштарымен қоса моделін жасауын бұйырады. Аңыз бойынша, осылайша бонсай өнері пайда болған.

Әуелде бонсай тек Қиыр Шығыс елдерінде белгілі болған, алайда, XX ғ. басында әуесқой еуропалықтар кішкентай ағаштардың алғашқы үлгілерін Лондон мен Парижге әкелген. Дәл сол жерлерден бұл өнер барлық Еуропаға тараған.

Икебана да интерьердегі тамаша әшекейдің бір түрі болады.

Икебана – гүл шоқтарынан немесе жас бұтақтардан арнайы ыдыстарда композиция құру және оларды интерьерде орналастыру өнері.

Оның құрамына тірі гүлдер, бұтақтар, шөптер, жапырақтар, тұқымдар пайдаланылады. Әдетте, икебана бірнеше сағат немесе күн, ал ең төзімділері бір жыл уақыттай тұрады.





Икебананың отаны Үндістан болып есептелгенімен, бұл өнер VI ғасырда Жапонияда пайда болған. Жапондықтар гүлшоғын жасау өнерінің ерекше түрін, өз белгісі мен терең мағынасы бар бүтіндей бір философияны ойлап тапты.

Икебана – «гүлдердің екінші өмірі» немесе «өсімдіктердің қайта тірілуі». Икебананың пайда болуы туралы аңыз қарапайым. Бірде будда монахтары найзағай сындырған бұтақтар мен жапырақтарды жинап алып, оны Будда мүсінінің аяғының астына тарту ретінде әкеліп, былай дейді: «Бәріне мейірім-шапағатың болсын! Найзағай сындырғандарды тірілте гөр». Будда бұл тарту-өтінішке жақсы ниетпен қараған тәрізді, себебі бұл үдеріс енді дәстүрге айналды.

Материалдың өзіндік, табиғи әсемдігін анықтау арқылы қол жеткізуге болатын талғаулы қарапайымдылық – икебана негізінде жататын қағида.



Жоспарланған интерьерді сәндеуге және безендіруге арналған өсімдіктерді пайдаланып, балалар бөлмесінің (қонақ бөлмесі, асүй) сәндік элементін жасаңдар.

1. Дизайнер рөлінде сәндік ретінде таңдап алынған өсімдіктермен үйлестіре 2D форматтағы болжалды интерьер эскизін жасаңдар.

2. Флорист рөлінде өсімдіктерді (икебана, панно, коллаж және т. б.) қолдана отырып, интерьердің 3D форматтағы декорациясын құрыңдар.

3. Өз идеяларыңды жүзеге асыру барысында қолданған әдістер мен тәсілдерді талқылай және сипаттай отырып, өз жұмыстарыңмен таныстырыңдар.



Жоспарланған интерьерді сәндеуге және безендіруге арналған өсімдіктерді пайдалана отырып, сәндік элементін жасаңдар

Материалдар мен құрал-жабдықтар: асқабақ, жапырақсыз тармақталған бұтақ, шетен бұтағы, бүршіктер, кептірілген жапырақтар, термопистолет, бөлме өсімдіктерінің жапырақтарына арналған жылтырақ.



Асқабақтың түбін тегістеп кесіңдер, жоғары жағынан шағын тесік жасап, дәнінен тазартыңдар.



Шетеннің кептірілген жапырақтары мен кішкентай бұтақтарын негізгі бұтақтың бірнеше жеріне желіммен жапсырыңдар.



Композицияны толықтыру үшін үстел үстіне жапырақтар мен талшыннан төсеме жасап, үстіне икебананы қойыңдар.

1. Аталмыш тақырыпты зерделеу барысында қандай жаңа білім алдыңдар?
2. Өз бөлмелеріңнің (пәтер үй) интерьерінде нені өзгертер едіңдер?



САНИТАРЛЫҚ-ГИГИЕНАЛЫҚ ТАЛАПТАР

1. Жұмысты бастамас бұрын қолды сабынмен мұқият жуу керек.
2. Жарық сол жақтан немесе алдыңғы жақтан түсуі керек.
3. Ыңғайлы болуы үшін жұмысты орындауға арналған барлық аспаптар мен құрал-жабдықтарды жазық әрі таза жерге орналастыру керек.
4. Өрнек салу барысында жұмыс бетіне дақ, сызат түсіретін құралдардың тиіп кетуінен сақтану қажет.
5. Жұмысты орындау кезінде денсаулықты сақтау үшін үзіліс жасап, көзге, қолға және арқаға арналған жаттығулар орындаған пайдалы.

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

• Жалпы

1. Сабаққа қоңырау соғылуына бес минут қалғанда келіңдер.
2. Арнайы киім киіп, шашты үшкіл орамал астына жинаңдар.
3. Қолдану ережесі таныс емес құралдарды қолданбаңдар.
4. Ақауы бар немесе өтпейтін құралдарды қолданбаңдар.
5. Жұмыс істеу барысында аспапты мұғалім көрсеткендей ұстаңдар.
6. Жұмыс соңында құрал-жабдықтарды арнайы орнына қойыңдар.
7. Құрал-жабдықтарды мұғалім айтқан реттілік бойынша орналастырыңдар.
8. Жұмыс орындарыңды таза және жинақы ұстаңдар.
9. Жұмыс соңында өз жұмыс орнын жинаңдар.
10. Үзіліс кезінде кабинеттен шығу қажет.

• Аспаздық жұмыстарды орындау барысында

жұмыс басында:

1. Асүй құрал-жабдықтары мен таңбалаулардың дұрыстығын тексеріңдер.
2. Эмаль ыдыстың бүтіндігін, жарықшағының жоқтығын, сонымен қатар асхана ыдыстарында сызаттардың жоқтығын тексеріңдер.
3. Тартпа желдеткішті қосыңдар.

жұмыс кезінде:

1. Асүй электр плитасын тоққа қоспас бұрын жерге тұйықтауының барына және корпусының ақаусыз екеніне көз жеткізіңдер және диэлектрлі төсенішке тұрыңдар. Үстел үстіне қойылатын электр плитаны желіге қоспас бұрын сымы мен ашасының ақауының жоқтығын тексеріңдер, плитаны отқа төзімді үйкекке орнату керек. Ашық спиральді электр плитаны қолдануға болмайды.
2. Тамақ дайындау үшін тек эмаль ыдысты қолданыңдар.
3. Көкөністерді тазалағанда абай болу керек. Картопты оймалы пышақпен, балықты қырғышпен тазалайды.
4. Нанды, гастрономиялық өнімдерді, көкөністерді және өзге де азық-түліктерді кесудің дұрыс тәсілдерін сақтай отырып, жақсылап қайралған пышақпен турауға арналған тақтайдың үстінде турау: сол қолдың саусақтары бүгілген және пышақ жүзінен біршама қашықтықта болуы керек. Шикі және пісірілген көкөністер, ет, балық, нан таңбалануларына сәйкес өртүрлі тақтайда туралады.
5. Еттартқышпен жұмыс істегенде етті және өзге де азық-түліктерді арнайы келсаппен итеріңдер.

6. Қол үккіштермен жұмыс істегенде абай болыңдар, өңделетін өнімді мықтап ұстаңдар, ұсақ бөліктерді үккішпен өңдеуге болмайды.

7. Пышақ пен шанышқыларды бір-біріңе тек сабын алға қаратып ұсыныңдар.

8. Уақытша сақталатын тағам қалдықтарын беті қақпақпен жабылатын ыдысқа салыңдар.

9. Қайнаған кезде ыдыстағы тағам ыдыстың ернеуінен асып, тасып кетпеуін қадағалау, ыстық ыдыстың қақпағын орамалмен немесе ұстағышпен ұстап, өзіңнен ары қарата ашу керек.

жұмыс соңында:

1. Электр плитаны сымынан тартпай ажыратыңдар.

2. Жұмыс үстелдеріңді, ыдыстар мен құрал-жабдықтарды мұқият жуыңдар.

3. Қоқыстар мен қалдықтарды арнайы орынға шығарыңдар.

4. Арнайы киімдеріңді шешіп, тартпа желдеткішті ажыратып, қолдарыңды мұқият жуыңдар.

• Матамен жұмыс істеу барысында

жұмыс кезінде:

1. Инелер мен түйреуіштерді арнайы орында (жастықша, арнайы қорап және т. б.) сақтаңдар, оларды жұмыс орнында қалдырмаңдар.

2. Тот басқан инелер мен түйреуіштерді қолданбаңдар.

3. Инемен тіккенде оймақты қолданыңдар.

4. Мата пішімдерін түйреуіштің ұшын өзіңнен ары қарата түйреңдер.

5. Қайшыларды арнайы орында сақтаңдар, өткір ұштарын өзіңнен ары қарата жабулы күйінде қойыңдар, бір-біріңе сабын алға қарата ұсыныңдар.

6. Тігін мәшинесінің қозғалып жатқан бөліктеріне жақын төнбеңдер.

7. Саусақтарыңды тігін мәшинесінің инесімен жарақаттап алмас үшін табанына жақын ұстамаңдар.

8. Жіпті қайшымен қиыңдар.

жұмыс соңында:

1. Электр тігін мәшинесін желіден ажыратыңдар.

2. Жұмыс құралдарыңды түгендеп, жұмыс орындарыңды ретке келтіріңдер.

3. Арнайы киімдеріңді шешіп, қолдарыңды мұқият жуыңдар.

• Электр үтікті пайдалану барысында

жұмыс алдында:

1. Ашаның ақаусыз екенін және үтіктің электр сымының оқшауланғанын тексеріңдер.

2. Үтікке арналған ыстыққа төзімді үйкек пен электр тогын өткізбейтін төсеніштің барына көз жеткізіңдер.

жұмыс кезінде:

1. Электр үтікті желіге құрғақ қолмен қосып, ажыратыңдар.

2. Қысқа мерзімді үзілістер кезінде электр үтікті ыстыққа төзімді үйкек үстіне қойыңдар.

3. Үтіктің ыстық табаны электр сымына жанаспауын қадағалау керек.

4. Қолдарыңды күйдіріп алмас үшін үтіктің ыстық металл бөліктерін ұстамаңдар және кездемені аса көп суламаңдар.

5. Токқа қосылған үтікті қараусыз қалдырмаңдар.

6. Үтіктің қалыпты жұмыс істеуін қадағалап, желіден тек ашасынан ұстап ажыратыңдар.

жұмыс соңында:

1. Электрлі үтікті желіден ажыратыңдар.

2. Жұмыс орнын ретке келтіріңдер.

3. Арнайы киімді шешіп, қолды мұқият жуыңдар.

• **Өрнек салу барысында**

1. Матаны кергішке керу кезінде шанышқылы-кескіш аспаптардың ақаусыз екендігін тексеріңдер.
2. Резервті өз беттеріңше дайындамаңдар. Қыздыру барысында қоспа жарылуы мүмкін.
3. Резервтің кейбір түрінен зиянды бу бөлінетіндіктен батикпен жақсы желдетілетін бөлмеде айналысыңдар.

• **Қайшымен жұмыс барысында**

1. Арнайы орында немесе қорапта сақтаңдар.
2. Жабық жүздерін жұмыс істеушіге кері қарата қойыңдар.
3. Бір-біріңе жабық жүзінен ұстап ұсыныңдар.
4. Жұмысты орындап болған соң арнайы қапшығына салып қойыңдар.

• **Тұрмыстық техниканы пайдаланудың жалпы ережелері:**

1. Ескірген және ақауы бар барлық құралдарды пайдаланымнан алып тастаған жөн. Қазіргі заманғы үй техникасы пайдалануда тиімді әрі экономикалық тұрғыдан үнемді.
2. Сатып алынған әрбір құрал отбасы қажеттілігіне толығымен сай келуі керек. Тек сонда ғана оны дұрыс қолдануға болады.
3. Пәтердегі сымдардың ақаусыз екеніне және сатып алынатын электр құралына қажетті қуат мөлшерімен қамтамасыз ете алатынына көз жеткізіңдер.
4. Тұрмыстық техниканы қолдануды бастамас бұрын пайдаланылуы бойынша нұсқаулықпен мұқият танысып шығыңдар (тіпті қолданылымы қарапайым болып көрінген жағдайда да).

• **Электр құралдарын қауіпсіз пайдалану ережелері:**

1. Электр құралдарын желіге қосудың реттілігін сақтаңдар: сымды алдымен құралға, содан соң желіге қосыңдар. Мысалы, ұялы телефонды тоққа қосу қажет болса, алдымен сымды телефонға, содан соң ток көзіне қосыңдар. Сөндіргенде осы әрекеттерді кері реттілікте орындаңдар.
2. Электр құралдарын тек құрғақ қолмен жағып/сөндіріңдер.
3. Электр үтікті, плитаны, шәйнекті, дәнекерлегішті арнайы жанбайтын үйкектерсіз қолданбаңдар.
4. Сымның ток айыратын қабы зақымданған электр құралдарын пайдалану қауіпті.
5. Ысытқыш желіге қосулы тұрған кезде ысытылып жатқан суға және ыдысқа (егер металдан жасалған болса) жақындамаңдар.
6. Желіге қосулы электрлі ысытқыш құралдарды қараусыз қалдырмаңдар.
7. Электрлі сымды қолмен тартпаңдар.
8. Электр сымдарды есік, терезе жақтауларымен қыстырып қоюға болмайды. Сымдардың қатты ширатылмауын қадағалау қажет.
9. Электр шәйнектерді, тамақ дайындауға арналған мультипісіргішті және басқа да электр құралдарын бос күйінде желіге қосуға болмайды.
10. Кез келген тұрмыстық электр құралын бір қолмен қосып, ажырату керек, бұл ретте су, газ және жылыту құбырларына жанаспауын қадағалау қажет.

СӨЗДІК

ВИЗУАЛДЫ ӨНЕР

Бейнелеу өнері – мақсаты қоршаған әлемді жаңғырту болып табылатын пластикалық өнердің бір бөлімі, көркем шығармашылық түрі.

Графика – басқа өнер түрлерінде және адам өмірінде орнын айқындайтын көркем ерекшеліктерге ие бейнелеу өнерінің бір түрі. Графיקаны бейнелеудің негізгі құралы сурет болып табылады.

Графикалық фактура – сурет бейнеленетін қағаз бетін әртүрлі графикалық белгілермен (нүкте, сызық, дақ) толтыру тәсілі.

Граффити – қабырғаға және басқа да жазық бетке бояумен салынған немесе сиямен жазылған, тырнап салынған суреттер немесе жазбалар. Граффитиге көше қабырғаларына салынған кез келген сурет түрлерін: қарапайым жазылған сөзден таңдаулы суреттерге дейін жатқызуға болады.

Инсталляция – қазіргі заманғы өнер формасы, әртүрлі элементтерден құралған және көркем тұтас дүние болып табылатын кеңістіктік композиция.

Лучизм – әлемдегі ішкі энергияның шығарылуына, жарық сәулесінің сынуына, көп бояулы сәулеге негізделген өнер бағыты. Сәулелі картиналар сәуле пішіні мен түрлі түсті сәуле шоғырының іс жүзіндегі абстрактілі үйлесімділігі.

Сәндік өнер – адамның қоршаған ортасын, материалдық заттық-кеңістіктік ортасын эстетикалық, образдық бастамаларды енгізе отырып қалыптастыратын пластикалық өнердің басты салаларының бірі.

Сурет – графикалық құралдарды – контурлы сызық, штрих, дақты пайдаланып қолмен салынған суреттеме.

Суреттеме – табиғи болмысының нобайы, суреті. Суреттеменің мақсаты – образ немесе идеяның маңызды тұсын, жайттың мәнін көрсету.

Суретші – шығармашылық қиял талабы бар жасампаз тұлға; пластикалық өнер саласында шығармашылық жұмыс атқаратын шебер.

СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР

Батик – қосалқы құрамды қолданып, матада қолдан жазба салу. Әр матаға – жібек, мақта, жүн, синтетикаға сай бояу жағылады. Бояулардың түйісу орнында айқын шегаралары болуы үшін резерв (қосалқы құрам) деп аталатын арнайы қатырғыш қолданылады.

Витраж – қандай да бір сәулет құрылысында ойықты, көбіне терезе ойығын толтыруға арналған және тесіп өтетін жарықтандыруға негізделген, түрлі түсті шыныдан жасалған картина немесе өрнек.

Гжель – орыс халқының қыш өндіру кәсібі, ұлттық жазба өнер түрі.

Контур – қандай да бір геометриялық фигураның, заттың сұлбасы, тұйық сызық, силуэт.

Көркем өрнек салу – қандай да бір бетті бояумен және қылқаламмен безендіру өнері.

Хохлома – ағаш ыдыс пен жиһазды қара фон үстінен қызыл, жасыл және алтын реңктермен безендіретін сәндік жазба түрі.

ДИЗАЙН ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯ

Дизайн – нысанға негізгі мақсатынан басқа әдемілік, үнемділік, асқан атқарымдылық беретін жобалаудың ерекше тәсілі.

Жиынтық – нақты мақсатқа арналған заттардың толық жиыны, құрамы (киімдер жиынтығы, құрал-жабдықтар жиынтығы).

Киім – адамның денесін қоршаған ортаның жағымсыз әсерлерінен (ауа райы жағдайларынан, жәндіктер, уландырғыш заттар және т. б.) қорғау мақсатында киетін тігін бұйымдарының (мата, тоқылған жайма, былғары және аң терісінен жасалған) жиынтығы.

Өзіндік құн – өндіріс барысында қолданылатын өнімдердің құндық бағасы.

Пішім – қағаз, калька, мата, былғары немесе басқа материалдардан жасалған болашақ бұйымның бөлшегі.

Сызба – бұйымды жасау, бақылау және сәйкестендіруге қажетті контурлық суретін және басқа да мәліметтерді қамтитын құжат.

Трансформер – сыртқы түрін немесе қызметін өзгертуге болатын бұйым.

Трансформер заттар – сыртқы түрін немесе қызметін өзгерте алатын гардеробтың әмбебап заттары.

Ызба – үй тұрмысында әртүрлі қолданысқа ие, көйлек тігуде және т. б. қолданылатын жіңішке тоқылған немесе өрілген жолақ.

Шілтер – өрім нәтижесінде пайда болатын ою-өрнекті безендірілген (селдір өрнекті) тоқыма бұйым, сәндік мөнге ие.

ТАМАҚТАНУ МӘДЕНИЕТІ

Аспаздық рецепт – аспаздық өнімді дайындау бойынша нұсқаулық. Қажетті тағамдық өнімдер, олардың пропорциялары, араластыру және өңдеу бойынша нұсқаулығы туралы ақпараттан тұрады.

Дастарқан жабдықтау – үстелді таңғы, түскі, кешкі асқа, мерекелік отырысқа, шай ішуге дайындау.

Десерт – түскі немесе кешкі ас соңында жағымды дәм түйсіктерін сезінуге арналған дастарқанға ұсынылатын соңғы тағам, әдетте ол тәтті жеңсік ас (кондитерлік өнімдер, пісірілген нан, балмұздақ) болады.

Қонақжайлылық – үй қожайындарының қонақ қабылдауда ақкөңілділік, меймандостықты көрсетуінің ерекше түрін білдіретін тұрмыстық түсінік.

Ұлттық асхана – белгілі бір ұлт ойлап тапқан және өзіндік қолданысы бар рецептілер, аспаздық техникалар.

ТҰРҒЫН ҮЙ МӘДЕНИЕТІ

Бонсай – шағын көлемдегі кәдімгі (кейде аласа) ағаштың дәл көшірмесін өсіру өнері.

Интерьер – адамға эстетикалық жай-күй мен өмір сүру үшін жағымды жағдайды қамтамасыз ететін ғимараттың ішкі көрінісінің сәулетті және көркем безендірілуі.

Тұрмыстық техника – ас дайындау немесе тазалау тәрізді кейбір тұрмыстық қызметтерді атқаратын электрлі механикалық аспаптар.

ҚОСЫМША

1-кесте

МӘШИНЕМЕН ОРЫНДАЛАТЫН ЖҰМЫСТАРДЫҢ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ









Операция атауы	Орындалу сипаты	Қолданылу орны
Сырып тігу	Өлшемдері шамамен бірдей екі немесе бірнеше бөлшектерді біріктіру.	Бүйір, иық, жең тігістерін және т. б. сырып тігу.
Қосып тігу	Өлшемдері әртүрлі бөлшектерді біріктіру.	Қалтаға әдіпті, жеңге қаттаманы және т. б. қосып тігу.
Жөрмеу	Кейіннен оң жағына айналдырылатын 2 бөлшекті жиектер бойымен біріктіру.	Өңір, қақпақша, жағаны және т. б. жөрмеп тігу.
Қондырып тігу	Дөңес және ойық сызықтар бойымен екі бөлшекті біріктіру.	Жеңді қолтық ойындысына, жағаны мойын ойындысына қондырып тігу.
Бастыра тігу	Бірінің үстіне бірі қаттап қойылған бірнеше бөлшекті біріктіру немесе тігісті әрлеу тігімімен бекіту.	Бүйір, иық тігістерін, иінішті, жапсырма қалталарды және т. б. бастыра тігу.
Айыра тігу	Тігіске қосымшаларды немесе қатпарларды әрлеу тігімімен бекіту.	Жең, артқы бой, белдемше, қатпарлар тігісін және т. б. айыра тігу.
Бүгіп тігу	Бөлшектердің бүгілген шеттерін тігім арқылы бекіту.	Өңірасты, әдіп жиегін, жейде, көйлек етегін және т. б. бүгіп тігу.
Жүрмелеу	Бұйым немесе бөлшектің жиегінен әрлеу тігімін жүргізу.	Өңір, жаға, бұйым етегі, қақпақ, жапсырма қалталар жиегін жүрмелеу.

2-кесте



ЫЛҒАЛДЫ ЖЫЛУМЕН ӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ

Термин	Жұмыс мазмұны	Қолданылу орны
Баса үтіктеу	Тігіс қалыңдығын немесе бөлшек шеттерін үтіктеу.	Қалта, аспабау, бұйым етегінің шеттерін баса үтіктеу.
Жатқыза үтіктеу	Тігіс қосымшаларын бір жаққа жатқызып, сол қалыпта бекіте үтіктеу.	Өңделген қиықтағы қосымшаларды, қатпарларын жатқыза үтіктеу.
Айыра үтіктеу	Тігіс қосымшаларын екі жағына жатқызып айыра үтіктеу және осы қалыпта бекіту.	Белбеу, желбіршектің сырып тігілген тігісін айыра үтіктеу.
Декатирлеу	Бұйымның отыруының (апшуының) алдын алу үшін матаны ылғалды жылумен өңдеу.	Матаны пішу алдында декатирлеу.
Әрлеп үтіктеу	Бұйымдағы қыртыстарды кетіріп, соңғы ылғалды жылумен өңдеу.	Дайын бұйымды әрлеп үтіктеу.





ҚОЛ ТІГІСТЕРІ МЕН ТІГІМ ТҮРЛЕРІ

Тігістер	Тігімдер	Қолданылу орны
 <p data-bbox="305 513 370 548">Түзу</p>	 <p data-bbox="662 513 743 548">Көктеу</p>	<p data-bbox="922 362 1414 471">Киім бөлшектерін уақытша қосып тігу (аспабауларды көктеу, бұйымның етегін бүгіп көктеу).</p>
	 <p data-bbox="634 727 781 762">Көктеп тігу</p>  <p data-bbox="630 1168 802 1203">Бүгіп көктеу</p>  <p data-bbox="623 1389 795 1424">Көшіру тігісі</p>	<p data-bbox="922 571 1414 680">Тігіс ұзындығы 0,7–1,5 см, матаның түсіне қарама-қарсы түсті, №№ 50, 60 мақта жіптер.</p> <p data-bbox="922 908 1414 1203">Бір бөлшектен екінші бөлшекке сызықтардың көшірмесін түсіру (бұйымның төменгі бөлігіне орналасқан қалта сызығының көшірмесі). Тігістің ұзындығы 0,7–1,0 см. Ілмек биіктігі 0,5–1,0 см. Матаның түсіне қарама-қарсы түсті, №№ 50, 60 мақта жіптері.</p>
 <p data-bbox="282 1663 386 1698">Ілмекті</p>	 <p data-bbox="639 1861 792 1896">Торлау тігісі</p>	<p data-bbox="922 1508 1414 1842">Түймелік қиықтарын немесе бөлшек қиықтарын сетінемеу үшін өңдейді. Тігістерді қиықтан 0,3–0,5 см аралықта, 1 см-ге 6–10 тігіс жиілігімен матамен түстес мақта жіптермен тігеді. Бұйым қиықтарын торлау үшін пайдаланылады, жапсырманы негізгі бұйымға қосып тігеді (өшекейлеу тігісі).</p>
 <p data-bbox="289 2063 380 2098">Қиғаш</p>	<p data-bbox="509 1908 716 1942">Торлап тігілген</p>	<p data-bbox="922 1908 1414 1977">Бұйым (бүйір, иық) қиықтарын және т. б. торлау.</p>

ҚОЛ ТІГІСТЕРІ МЕН ТІГІМ ТҮРЛЕРІ

 <p>Айқас тігісі</p>	<p>Өрлеу және жапсырып тігу</p>	<p>Бұйымды өрлеу үшін, сонымен қатар бұйым етегін, жең аузын өңдеуге қолданылады, бір мезгілде торлап, жапсырып тігеді.</p>
 <p>Ілмек тәрізді</p>	<p>Қайып тігілген (1 см-ден 4-тен 5 тігістерге дейін)</p>	<p>Бұйым бөлшектерін біріктіру үшін қолданылады.</p>





СӘНДІК ТІГІСТЕРДІ ОРЫНДАУ ТӘСІЛДЕРІ

«Инені алға» тігісі	Тамбурлы тігіс	Баспа кестелеу	Ілмекті тігіс
			

ТАСПАМЕН КЕСТЕЛЕУДІ ОРЫНДАУ ТӘСІЛДЕРІ

«Бекітпелі ілмек»	«Өрмекші»	«Француз түйіні»	«Тамбурлы»
			

БИСЕРМЕН КЕСТЕЛЕУДІ ОРЫНДАУ ТӘСІЛДЕРІ

Аркалы тігіс	Бекітпелі тігіс	Торлау тігісі	«Инені алға» тігісі
			

ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған «Көркем еңбек» пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы, 2016.
2. Қазақ халқының ұлттық киімдері. Национальная одежда казахского народа. National clothes of Kazakh people. – Алматы: «Алматыкітап», 2007.
3. Национальная кухня казахов. – Алматы, 2005.
4. Технология: Жалпы білім беретін мектептің 7-сынып оқушыларына арналған оқулық + CD (қыз балаларға арналған нұсқа). / И. А. Развенкова, С. А. Фалеева. – Көкшетау: Келешек-2030, 2016.
5. Технология: Жалпы білім беретін мектептің 7-сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік нұсқау (қыз балаларға арналған нұсқа). / И. А. Развенкова, С. А. Фалеева. – Көкшетау: Келешек-2030, 2016.

ҒАЛАМТОР ДЕРЕККӨЗДЕРІНІҢ ТІЗІМІ

- <http://festival.1september.ru/articles/520528/novaya-shkola.su/pedagogam/sredne...i...na-urokah...>
- <http://www.bilu.kz/kuchnya.php>
- <http://reviewexpert.ru/2015/04/uchimsya-kak-pravilno-servirovat-stol/>
- <http://www.psylist.net/pedagogika/inovacii.htm> (Педагогические технологии и инновации)
- <https://www.youtube.com/watch?v=7qK8YGrXESE>
- <https://www.youtube.com/watch?v=tP4gmM-8Blc>
- https://www.youtube.com/watch?v=v_szuAiaYIs
- <https://www.youtube.com/watch?v=VERdz7-SB5M>
- <https://www.youtube.com/watch?v=31n2j7ns5FI>
- <https://www.youtube.com/watch?v=tvrbfF1SXMg>
- <https://www.youtube.com/watch?v=nHgYgnMKZTc>
- <https://www.youtube.com/watch?v=7RxxbKPhaQA>
- <https://www.youtube.com/watch?v=o8AnlMe8KNA>
- <https://www.youtube.com/watch?v=vmN0SNeyHvM>
- http://mypresentation.ru/presentation/zanimatelnye_voprosy_po_izobrazitelnomu_iskusstvu_vypolnila_gavrysh_svetlana_vasilevna__prepodavatel_rcdo_g_smolenska
- <http://virtoo.ru/almanach/civilization/osnovnye-napravleniya-i-priemy-sovrem.html>
- <http://val-rozanov.narod.ru/photo.pdf>
- <http://paintmaster.ru/hohlomskaya-rospis-yprazhneniya.php>
- http://www.osinka.ru/Sewing/Dekor/SB/04_03.html
- http://www.osinka.ru/Sewing/Dekor/SB/03_03.html
- <http://festival.1september.ru/articles/646673/>
- <http://yellowhome.ru/2013/10/31/ikebana-ili-ukrashaem-interer-suximi-cvetami/>
- http://razrabotky.ru/load/10_klass/obzh/prezentacija_intellektualnoj_viktoriny_eda/28-1-0-869
- <https://www.youtube.com/watch?v=Bc3WtE9UxRg>
- <https://www.youtube.com/watch?v=2Vvqu9Tkx3g>
- http://old.season.ru/sovety/dekor_odegdu/
- https://www.youtube.com/watch?v=o_LZa7Cx30s
- <https://www.youtube.com/watch?v=vGtpZ65zAqE>
- <https://www.youtube.com/watch?v=nZbh0mUXGhk>
- <https://www.youtube.com/watch?v=1wuJQvLNOgo>
- <http://yellowhome.ru/2013/10/31/ikebana-ili-ukrashaem-interer-suximi-cvetami/>
- <http://www.history.kz/Articles/food1.php>
- http://www.eda-eda.info/ogl_kuxon.html
- <https://www.decormaster.kz/about.php>
- http://www.neizvestniy-geniy.ru/cat/sculpture/statuet_posuda/580889.html

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
Визуалды өнер	6
§ 1. Өнердегі заманауи техника және ғылыми жетістіктер. Табиғаттағы микросуреттер	6
§ 2. Бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттар (поп-арт, инсталляция). Өздігінен ізденіс зерттеулері	10
§ 3. Қазақстанның заманауи суретшілері	16
§ 4. Өнердегі заманауи стильдік бағыттарды зерттеу негізіндегі тәжірибе жұмысы (2D немесе 3D форматта)	21
Сәндік-қолданбалы өнер	22
§ 5. Көркем өрнек салу (батик, гжель, хохлома). Көркем өрнек түрлері. Өрнек салу тәсілдері мен техникасы. Материалдар мен құралдар	22
§ 6. Бұйым эскизін жасау. Материалдар мен аспаптарды дайындау	28
§ 7. Көркем өрнек салу. Безендіру. Рәсімдеу	30
Дизайн және технология	32
§ 8. Киімді түрлендіру (трансформация) және тігін бұйымдарын сәндеу (киім, аксессуарлар, бижутерия)	32
§ 9. Трансформациялау үшін идеялар ойластыру. Эскиз	36
§ 10. Материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындау	40
§ 11. Жиынтық құрастыру. Бөлшектерді пішу. Жеке бөлшектерді өңдеу. Бөлшектерді біріктіру және бұйымды өңдеу. Бұйымды әшекейлеу	44
Тамақтану мәдениеті	48
§ 12. Қазақ халқының ұлттық тағамдары	48
§ 13. Әлем халықтарының асханасы (өздігінен ізденіс зерттеулері)	52
§ 14. Әлем халықтарының тағамдары. Тәжірибе жұмысы (суши, пицца, көже)	54
Тұрғын үй мәдениеті	58
§ 15. Тұрмыстық техниканы таңдау. Тұрмыстық техниканы қолдану ережелері	58
§ 16. Әшекей, интерьер элементі ретіндегі өсімдік	62
Санитарлық-гигиеналық талаптар	66
Қауіпсіздік техникасы ережелері	66
Сөздік	69
Қосымша	71
Қосымша әдебиеттер тізімі	74

АЛИМСАЕВА Роза Шариповна
РАЗВЕНКОВА Ирина Александровна
ЛОСЕНКО Ольга Степановна
ВЕЛЬКЕР Елена Евгеньевна

КӨРКЕМ ЕҢБЕК

Жалпы білім беретін мектептің
7-сынып оқушыларына арналған
ОҚУЛЫҚ
(қыз балаларға арналған нұсқа)
+ CD

Редакторлары	Р. С. Какаманова И. А. Хохлова Б. С. Мажимова
Дизайн және беттеу	Е. Е. Велькер
Суретші	А. Б. Жусупов
Корректоры	К. М. Нұрғалиева

Басуға берілген күні 25.06.2019 ж.
Пішімі 60×90 $\frac{1}{8}$. Көлемі 9,5 шартты б.т.
Гарнитурасы «Arial». Офсеттік басылым.
Тапсырыс № 3099. Таралымы 2500 дана.

Коды **512069**

«Келешек-2030» ЖШС
Қазақстан Республикасы,
020000, Көкшетау қ.

Баспа офисі: Абай к-сі, 112а,
тел.: 8 (7162) 72-29-43 (қабылдау бөлімі).
Сату бөлімі: М. Горький к-сі, 17а,
тел.: 8 (7162) 44-18-64, +7 708 444 18 64,
моб. тел.: +7 702 781 06 78, +7 705 745 09 75.
<http://www.keleshek-2030.kz>, E-mail: torg@keleshek-2030.kz



«Можайский полиграфический комбинат» ААҚ-да басылып шығарылған
143200, Можайск қ-сы, Мир к-сі, 93
www.oaompk.ru, тел.: (495) 745-84-28, (49638) 20-685